Осмотрена ревматологом, учитывая клинику, проводилась дифференциальная диагностика с гранулематозным васкулитом. Антитела к МПО отрицательный. Антитела к Pr3/ антитела GPM3<1:20, От 12.02.2024 антитела к цитоплазме нейтрофилов /с ANCa<1:20, От 12.02.2024 антитела к цитоплазме нейтрофилов pANCa<1:20 Антитела к MPO отрицательный Антитела к PR3 отрицательный Антитела к GPM<1:20 Учитывая отрицательные иммунологичемкие результаты исследования выставлен диагноз: Основное заболевание. Д 86,2 Саркоидоз 2 стадия (легких и внутригрудных лимфоузлов). Состояние после трансбронхиальной пункционной биопсии легкого и лимфоузла (16.09.2019 г.). Сопутствующее заболевание: Хронический бронхит обострение Осложнение. Хроническая дыхательная недостаточность 1 степени Первичный остеоартроз коленных суставов клинико-рентгенологически 1 ст НФС2

Обсуждения результатов. Данный клинический случай демонстрирует необходимость индивидуального подхода к диагностике саркоидоза, проведения дифференциального диагноза между онкопатологией и туберкулезом легких. Учитывая сохраняющуюся рентген картину, отсутствие клинического улучшения., отрицательный квантифероновый тест диагноз: туберкулез легких был снят. Диагностика туберкулеза должна быть основана на выявлении и последующем определении вида микобактерии! В диагностике онкопроцессов разной локализации большую роль отводят ПЭТ/КТ. При саркоидозе также необходимо оценивать степень поражения органов мишеней. Для этой цели можно использовать ПЭТ/КТ [14; 5]. В нашей клинической истории данные ПЭТ/КТ были истолкованы как признаки онкопроцесса в легких с метастазами Результат гистологической картины, полученный при атипичной резекции верхней доли правого легкого, свидетельствует о наличии гранулематозного воспаления с некрозом и наличием клеток типа Пирогова -Лангханса. Отсутствие симптомов раковой интоксикации при распространенном процессе в лёгочной ткани и в лимфатических узлах; отсутствие изменений в лабораторных тестах вызвали сомнения и инициировали проведение пересмотра стеклопрепаратов. Гистоморфология соответствует не некротической грагулематозной болезни легких по типу гиперсенситивного пневмонита.. очагового пневмосклероза. Ателектаза. Артериосклероза. Морфологическим субстратом саркоидоза является эпителиоидноклеточная гранулема -компактное скопление мононуклеарных фагоцтов - макрофагов и эпителиоидных клеток. Появление гигантских многоядерных клеток (сначала клетки «инородных тел», а затем - клетки Пирогова-Лангханса) является одной из стадии. развития саркоидоза. Отстуствие выраженного суставного синдрома, отрицательные ревмотесты, типичные рентгенологические признаки остеоартроза позволили исключить гранулематозный процесс, связанный с ревматоидным артритом. По литературным данным, узелковые формы ревматоидного артрита развиваются только в активной фазе заболевания у серопозитивных пациентов с наличием выраженного суставного синдрома. При этом заболевании некроз, как правило, окрашен эозинофильно, клеточный детрит располагается обычно между некрозом и окружающим, гистологическая картина соответствует не некротической гранулематозной болезни. Учитывая отрицательные иммунологические результаты: антитела к МПО отрицательный, антитела GPM3<1:20, антитела к цитоплазме нейтрофилов /с ANCa<1:20, антитела, антитела к PR3 отрицательный, позволили исключить гранулематозный васкулит.

Выводы. Приведенный анализ клинической истории болезни показывает многообразие картины саркоидоза, целесообразность учета всех симптомов заболевания при проведении диагностики, без учитывания которых возможно неправильное истолкование полученных результатов исследования. Данный случай показывает в случае необходимости проводить индивидульный подход в ранней диагностике и лечении саркоидоза

Список использованных источников

1. Саркоидоз: Монография / Под ред. Визеля А.А. (Серия монографий Российского респираторного общества; Гл. ред. серии Чучалин А.Г.). М.: Издательский холдинг "Атмосфера", 2010. 416 с.

2. ATS/ERS/WASOG Statement on sarcoidosis. Sarcoidosis Statement Committee. American Thoracic Society. European Respiratory Society. World Association for Sarcoidosis and Other Granulomatous Disorders //Eur. Respir. J., 1999. Vol. 14. -- N 4. P. 735-737.

3. Landi C., Carleo A., Cillis G., Rottoli P. Sarcoidosis: proteomics and new perspectives for improving personalized medicine. Expert. Rev. Proteomics. 2018; 15(10): 829-835. doi: 10.1080/14789450.2018.1528148.

4. Besnard V., Calender A., Bouvry D., Pacheco Y., Chapelon-Abric C., Jeny F., Nunes H., Planes C., Valeyre D. G908R NOD2 variant in a family with sarcoidosis. Respir. Res. 2018; 19(1): 44. doi: 10.1186/s12931-018-0748-5.

5. Саркоидоз / Под ред. А.Г. Хоменко, О. Швайгера. СССР-ВНР. М.: Медицина, 1982. 296 с.

6. Zhao M.M., Du S.S., Li Q.H., Chen T., Qiu H., Wu Q., Chen S.S., Zhou Y., Zhang Y., Hu Y., Su Y.L., Shen L., Zhang F., Weng D., Li H.P. High throughput 16SrRNA gene sequencing reveals the correlation between Propionibacterium acnes and sarcoidosis // Respir. Res. 2017; 18(1): 28. doi: 10.1186/s12931-017-0515- z.

7. van Dee L., Stehouwer M., van Bemmel T. Systemic sarcoidosis associated with exposure to Borrelia burgdorferiin a 21-Year-Old Man // Eur. J. Case. Rep. Intern. Med. 2018 Oct 24;5(10):000942. doi: 10.12890/2018_000942.

8. Esteves T., Aparicio G., Garcia-Patos V. Is there any association between Sarcoidosis and infectious agents?: a systematic review and meta-analysis // BMC Pulm. Med. 2016; 16(1): 165. DOI: 10.1186/s12890-016-0332.

9. Garcia Rodenas M.D.M., Gaya Garcia- Manso I., Garcia Sevila R. Sarcoidosis associated with Interferon beta treatment // Med. Clin. (Barc). 2019 Jan 2. pii: S0025-7753(18) 30750-4. doi: 10.1016/j.medcli.2018.11.021. [Epub ahead of print].

10. Визель А.А., Визель И.Ю. Саркоидоз и интерфероны: звенья патогенеза и ятрогения // Практическая пульмонология, 2017; 1: 46-50.

11. Bargagli E, Prasse A. Sarcoidosis: a review for the internist // Intern. Emerg. Med. 2018; 13(3): 325- 331.

12. Baughman R.P., Culver D.A., Judson M.A. A concise review of pulmonary sarcoidosis. Am. J. Respir. Crit. Care Med. 2011; 183(5): 573-581.

13. Patterson K.C., Chen E.S. The pathogenesis of pulmonary sarcoidosis and implications for treatment // Chest. 2018; 153(6): 1432-1442. doi: 10.1016/j.chest.2017.11.030.

14. Hu Y., Yibrehu B., Zabini D., Kuebler W.M. Animal models of sarcoidosis // Cell. Tissue. Res. 2017; 367(3): 651-661. doi: 10.1007/s00441-016-2526-3.

15. Dubaniewicz A. "Danger theory" as a common mechanism of sarcoidosis induction by infectious and non-infectious factors - a role of environmental factors and autoimmunity // Pol. Merkur. Lekarski. 2018; 44(261): 97-100. Клинические рекомендации - Саркоидоз - 2022-2023-2024 (31.05.2022) - Утверждены Минздравом РФ Улучшенную вёрстку от http://disuria.ru представляет аптека "Семейная" https://аптека-омск.рф 29 из 48

16. Jouni H., Chareonthaitawee P. Unraveling inflammation and oxidative stress in cardiac sarcoidosis // Circ. Cardiovasc. Imaging. 2017; 10(12). pii: e007287. doi: 10.1161/CIRCIMAGING.117.007287.

17. Ruza I., Lucane Z. Serum and urinary calcium level in Latvian patients with sarcoidosis // Ревматология. 2018; 56(6): 377-381. doi: 10.5114/reum.2018.80715.

18. Судзуки Т., Цусима К., Кавата Н., Мацумура Т., Мацуура Ю., Ичимура Ю., Терада Дж., Сакао С., Тада Ю., Танабэ Н., Тацуми К. Оценка с помощью системы импульсных колебаний в пациенты с саркоидозом легких//Саркоидоз Vasc. Диффузный Легкий Дис. 22 июля 2015 г.; 32(2): 144- 150.

19. Евгений В.П., Борисов С.Е., Богородская Е.М. Нарушенья дыхательной функции пранулематозах и распространных поражеих инойприродедов: Пособие для врачей. МЗ РФ, ММА им. И.М. Сеченова, НИИ фтизиопульогии. М. 1998. 32 с.

20. Ван Шалквик Э.М, Безюденхаут Дж, Уайзер К.П. и др. Сравнение бронхоальвеолярных лаваж, открытая биопсия легких и функция легких при саркоидозе//Eur.resp.J. 1997; Том. 10 (Дополнение 25). Ссылка. Н 1357. П. 206-е.

УДК 612.66

САНДЫҚ ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫҢ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНІҢ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХОФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУЫНА ЫҚПАЛЫ

Искакова Ақнұр Таупыққызы[1], Базарбаева Сауле Мұхаметқалиқызы[2]

Ғылыми жетекші- М.Қозыбаев атындағы СҚУ "Биология" кафедрасының қауымдастырылған профессоры/доцент, PhD Базарбаева С.М

[1]Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл қаласы, Қазақстан
[2]Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл қаласы, Қазақстан

Аңдатпа. Қазіргі заманда сандық технологиялардың кең таралуы мектеп жасындағы балалардың (7-17 жас) күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Смартфондар, планшеттер, компьютерлер мен әлеуметтік желілерді пайдалану балалардың психофизиологиялық дамуына екіжақты әсер етеді: бір жағынан, ақпаратқа қолжетімділікті арттырып, когнитивтік дағдыларды дамытады, екінші жағынан, шамадан тыс пайдалану назардың шашырауын, ұйқының бұзылуын, стресс деңгейінің жоғарылауын және мидың атқарушы функцияларының нашарлауын тудырады.

Кілт сөздер: сандық технологиялар, жас ерекшеліктері, психофизиологиялық даму, гаджеттер, интернет.

THE INFLUENCE OF THE FEATURES OF THE USE OF DIGITAL DEVICES ON THE PSYCHOPHYSIOLOGICAL DEVELOPMENT OF SCHOOL-AGE CHILDREN

Abstract. In modern times, the widespread use of digital technologies has become an integral part of the daily life of school-age children (7-17 years old). The use of smartphones, tablets, computers and social networks has a bilateral effect on the psychophysiological development of children: on the one hand, it increases access to information and develops cognitive skills, on the other hand, excessive use causes distraction, sleep disorders, increased stress levels and deterioration of executive brain functions.

Key words: digital technologies, age characteristics, psychophysiological development, gadgets, the internet.

Кіріспе. Сандық құрылғыларды (гаджеттер, смартфондар, планшеттер, компьютерлер) мектеп жасындағы балалардың (7–18 жас) психофизиологиялық дамуына әсері – қазіргі заманғы білім беру және өмір салтының маңызды мәселесі. Соңғы жылдардағы отандық зерттеулерде бұл құбылыс қос жақты әсер етіп отырғаны көрсетіледі: бір жағынан, олар когнитивті қабілеттерді дамытуға, мотивацияны арттыруға және білім алуға мүмкіндік береді, екінші жағынан, шамадан тыс пайдалану назар аударуды төмендету, ұйқы бұзылыстары, эмоционалдық тұрақсыздық және дене бітімінің өзгеруі сияқты теріс салдарларға әкеледі [1].

Сандық құрылғылардың оң әсері негізінен білім беру процесінде олардың реттелген пайдалануына байланысты байқалады. Мысалы, цифрлық оқу технологиялары (интерактивті ойындар, виртуалды шындық) балалардың мотивациясын арттырып, эмоционалдық жағдайын жақсартады және жұмыс қабілетін күшейтеді, әсіресе төмен мотивациясы бар оқушыларда. Когнитивті қабілеттерге келетін болсақ, гаджеттер визуалды-образдық ойлауды дамытып, ақпаратты өңдеу жылдамдығын арттырады, ал видеоойындар кеңістіктік есте сақтауды және сөздік қабылдауды жақсартады, мектеп жасына дейінгі және кіші мектеп жасындағы балаларда оқу үлгерімін жоғарылатады [2].

Шамадан тыс пайдалану психофизиологиялық дамуға елеулі зиян келтіреді. Цифрлық медиа интернет-әуесқойлығын, назар тапшылығын/гиперактивтілікті, агрессияны және ұйқы бұзылыстарын тудырады, бұл когнитивті өнімділікті төмендетеді [3].

Зерттеу әдістемесі

Зерттеу материалы ретінде Қазақстан Республикасының Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласында орналасқан Айтхожин атындағы № 1 білім беру мекемесінде өткізілді. Ең алдымен ата-аналардан сауалнама алынды. Сауалнама балалардың күніне қанша уақыт сандық технологияларды қолданатыны жайлы және олардың зияны айтылды. Ата- аналар өздерінің ойларымен бөлісті.

Келесі біз Айтхожин атындағы №1 мектепте эксперимент жүргіздік. Зерттеу қалыпты жағдайда және жүктемеден кейінгі балалардың Шульте кестесіне әсері жайлы болды. Шульте кестесі (Шульте әдістемесі) — бұл психологиялық зерттеу әдісі, адамның зейінін, шоғырлануын, көру арқылы қабылдау жылдамдығын және жұмыс істеу өнімділігін анықтауға арналған классикалық тест [4].

Зерттеу нәтижелері

Сауалнама “Сандық технологиялардың балалардың дамуына әсері”

Сауалнама әдісі зерттеуге қатысушылардың сандық технологияларды қолдану әдеттерін және олардың психофизиологиялық күйіне әсерін бағалау үшін қолданылды. Сауалнамалар ата-аналарға бағытталды.

Сауалнаманың алғашқы сұрағы: Балаңыз интернетте немесе гаджеттерде қандай контентпен көбірек шұғылданады?

Ойындар: 20 ата-ана (40 пайыз), оқу материалдары: 10 ата-ана (20 пайыз), әлеуметтік желілер: 12 ата-ана (24 пайыз), видео платформалар (YouTube, TikTok т.б.): 8 ата-ана (16 пайыз), басқа: 0 ата-ана (0 пайыз) (сурет 1).




Сурет 1. Балаңыз интернетте немесе гаджеттерде қандай контентпен көбірек шұғылданады?

Ойындар (40 пайыз) басым контент түрі, бұл балалардың ойын-сауыққа бағытталғанын және бейне ойындардың тартымдылығын (графика, әлеуметтік элементтер) растайды. Алайда, зорлық-зомбылық бар ойындар (мысалы, Call of Duty) агрессивті мінез-құлықты күшейтуі мүмкін. Әлеуметтік желілер (24 пайыз) және видео платформалар (16 пайыз) 11-14 және 15-18 жас топтарында жиі кездеседі, себебі бұл платформалар әлеуметтік өзара әрекеттесуді және өзін-өзі танытуды қамтамасыз етеді. Оқу материалдарының 20 пайызы білім беру платформаларының (мысалы, Udemy, Google Classroom) әлеуеті шектеулі пайдаланылатынын көрсетеді. Бұл ата-аналар мен педагогтардың балаларды білім беру контентіне бағыттауға күш салуы қажет екенін білдіреді. Контент түрі баланың когнитивтік және эмоционалды дамуына әсер етеді. Мысалы, білім беру контенті проблеманы шешу дағдыларын дамытса, әлеуметтік желілер өзін-өзі бағалауға кері әсер етуі мүмкін.

Сауалнаманың екінші сұрағы: Балаңыздың экран алдында өткізетін уақыты оның күнделікті іс-әрекеттеріне (мысалы, оқу, спорт, қоғамдық өмір) қалай әсер етеді деп ойлайсыз?

Кедергі келтіреді (мысалы, оқуға немесе шынықтыруға уақыт жетпейді): 22 ата-ана (44 пайыз), теріс әсер етпейді, барлығы тепе-тең: 15 ата-ана (30 пайыз), оң әсер етеді (мысалы, білім алуға немесе қызықты іс-әрекеттерге уақыт бөледі): 8 ата-ана (16 пайыз), басқа: 5 ата-

ана (10 пайыз) (мысалы, «шығармашылық әрекеттерге уақыт бөледі, бірақ достарымен уақыт азайды») (сурет 2).



Сурет 2. Балаңыздың экран алдында өткізетін уақыты оның күнделікті іс-әрекеттеріне (мысалы, оқу, спорт, қоғамдық өмір) қалай әсер етеді деп ойлайсыз?

Ата-аналардың 44 пайызы экран уақытының күнделікті әрекеттерге, әсіресе оқуға және спортқа, кедергі келтіретінін атап өтті. Бұл нәтиже 6-сұрақтағы уақытты ұйымдастыру қиындығы (40 пайыз) туралы деректермен сәйкес келеді. Мысалы, 11-14 жас тобындағы балалар әлеуметтік желілерде (TikTok, Instagram) немесе бейне ойындарда (Roblox, Fortnite) сағаттап уақыт өткізгендіктен, мектеп тапсырмаларына немесе спорт секцияларына уақыт қалдырмайды. Зерттеулер экран уақытының шамадан тыс болуы балалардың уақытты басқару дағдыларын нашарлататынын және академиялық үлгерімге кері әсер ететінін растайды [5]. Теріс әсер етпейді деп санайтын 30 пайызы ата-аналар, бәлкім, экран уақытын тиімді реттейтіндер немесе балалары білім беру контентін (мысалы, Google Classroom, Khan Academy) пайдаланатындар болуы мүмкін. Оң әсерді көретін 16 пайызы ата-аналар балаларының онлайн-курстарға (мысалы, Coursera) қатысып, білім алуға уақыт бөлгенін атап өтті. Басқа жауаптар (10 пайыз) экран уақытының шығармашылыққа (мысалы, Procreate сияқты қосымшаларда сурет салу) ықпал ететінін, бірақ әлеуметтік өзара әрекеттесуді қысқартуы (мысалы, достарымен уақыт) азайды деген қауіпті көрсетеді. Экран уақытының күнделікті әрекеттерге кедергі келтіруі балалардың уақытты басқару дағдыларын дамыту және тепе-теңдікті сақтау бойынша ата-аналар мен педагогтардың қолдауына мұқтаждығын көрсетеді. Мысалы, мектептерде уақытты басқару бойынша тренингтер ұйымдастыру тиімді болуы мүмкін.

Келесі біз психофизиологиялық тестілеу өткіздік, ол зейінге арналған Шульте кестесі. Зерттеу жалпы білім беретін Айтхожин атындағы №1 мектептің 5А, 5Б, 6А, 6Б және 7А,7 Б сынып оқушылары арасында жүргізілді. Барлығы 90 оқушы қатысып, әр сыныптан 15 баладан іріктелді. Зерттеу жұмысы барысында 5-, 6- және 7-сынып оқушыларының зейіннің шоғырлануы мен көру-іздеу жылдамдығын бағалау мақсатында Шульте тесті жүргізілді. Алынған нәтижелер оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты когнитивтік функцияларының даму деңгейін сипаттауға мүмкіндік берді.


Алынған мәліметтер Excel кестесіне енгізіліп, статистикалық өңдеуден өткізілді. 7А — 15 оқушы; 7Б — 15 оқушы. Зерттеу барысында 30 оқушының Шульте кестесін орындау уақыты талданды. Респонденттер нәтижелерінің динамикасы графигі әр оқушының тапсырманы орындаудағы жекелеген қарқынын, зейін деңгейін және ақпаратты өңдеу жылдамдығын айқын көрсетті. Уақыт көрсеткіштері 27–41 секунд аралығында ауытқыды, яғни оқушылардың когнитивтік мүмкіндіктері арасында айқын индивидуа́лды айырмашылықтар бар екені анықталды (сурет 3).



Сурет 3. Шульте тест нәтижелерінің динамикасы

Графикте барлық 30 оқушының тест орындау уақыты респонденттер ретімен көрсетілген. Берілген нәтижелер оқушылардың орындау уақытының әртүрлі деңгейде болғанын байқатады. Кейбір оқушыларда жылдам орындалу байқалса, кейбірінде уақыт ұзақ болды, бұл когнитивтік өнімділіктің жеке айырмашылықтарын көрсетеді. Графиктен шамамен 30–41 секунд аралығындағы ауытқулар айқын көрінеді. Пирсон корреляция коэффициенті r = 0.94 мәнін көрсетті, бұл бастапқы және кейінгі нәтижелер арасында өте жоғары оң байланыс бар екенін білдіреді. Paired two-sample Student t-тесті t = -11.52, p <0.001 нәтижесін берді, демек 40 минуттық компьютерлік жүктемеден кейін Шульте тестін орындау уақытының статистикалық тұрғыда сенімді ұлғайғанын білдіреді.


Берілген мәліметтер бойынша, көпшілік оқушылардың нәтижесі оң динамика көрсетеді: уақыт өткен сайын жылдамдық және дәлдік деңгейі арта түскен. Бұл олардың тапсырмаларды орындау дағдыларының жақсарғанын, зейін тұрақтылығының артқанын және жұмыс істеу стратегияларының тиімдіріктенгенін білдіреді (сурет 4).



Сурет 4. Шульте тест уақытының салыстырмалы боксплоты

Боксплот нәтижелері екі сыныптың айырмашылығын нақты байқатады: медиана мәні 7А сыныбында жоғары, демек олар тапсырманы баяу орындаған, ал 7В сыныбында медиана төмен, нәтижелер жылдамырақ. 7А сыныбында көрсеткіштер ауытқуы жоғары — бұл топтың ішінде зейін өнімділігінің әртүрлі деңгейде екенін білдіреді. 7В сыныбында деректер тығыз орналасқан, нәтижелердің тұрақтылығы жоғары. Бұл мәліметтер бойынша 7Б сыныбының оқушыларының когнитивтік тұрақтылығы мен визуалды іздеу жылдамдығы жақсырақ деп айтуға болады.

Келесі біз зерттеуіміз 40 минут жүктемеден кейін жасадық. 40 минуттық компьютерлік жүктемеден кейінгі Шульте тестінің нәтижелері бойынша Пирсон корреляция коэффициенті r = 0.92 мәнін көрсетті. Бұл оқушылардың когнитивтік ерекшеліктері жүктеме жағдайында да тұрақты сақталатынын дәлелдейді. Стьюденттің paired t-тесті t = -11.52, p < 0.001 нәтижесін берді, яғни жүктемеден кейін тест орындау уақытының статистикалық тұрғыда сенімді ұзарғанын көрсетеді. Бұл визуалды зейіннің төмендеуі және когнитивтік шаршау әсерінің айқын көрінісі болып табылады (сурет 5).




Сурет 5. Шульте тест нәтижелерінің динамикасы

40 минуттық экрандық жүктемеден кейінгі нәтижелер оқушылардың реакция жылдамдығы мен назар шоғырлануының төмендегенін көрсетті.

1) Динамика графигі

Графикте әр респонденттің орындау уақыты көрсетілген. Нәтижелердің ауытқуы байқалады, алайда жалпы тенденция бойынша: уақыт көрсеткіштері жоғарылаған, кейбір оқушыларда шаршау әсері айқын көрінеді (38–45 сек), ең төменгі жылдамдық көрсеткіштері 30 сек маңында қалды. Бұл жүктеме танымдық шаршауды туындатқанын дәлелдейді (сурет 6).



Сурет 6. Шульте тест уақытының салыстырмалы боксплоты

Боксплот екі сынып арасындағы айырмашылықты нақты көрсетті: 7А сыныбының нәтижелері жоғарырақ және шашырауы кеңірек, 7В сыныбында орташа уақыт төмен және деректер тығызырақ. Бұл 7В сыныбының цифрлық жүктемеден кейін де салыстырмалы түрде жоғары когнитивтік төзімділік көрсеткенін айғақтайды. 40 минут үздіксіз компьютермен жұмыс істеу оқушылардың: визуалды іздеу жылдамдығын төмендетті, зейін тұрақтылығын нашарлатты, реакция уақытының артуына әкелді. 7В сыныбы бұл жүктемеге біршама жоғары бейімделген. Бұл нәтижелер цифрлық жүктеме оқу үдерісінде регламенттелуі керектігін дәлелдейді.

Қорытындылай келе жалпы алынған деректер 5-сынып оқушыларында көру-іздеу әрекеттерінің тұрақсыздығын, назар шоғырлануындағы ауытқуларды және орындау динамикасындағы айқын толқынды сипаттаманы көрсетті. Тапсырма орындау барысында уақыттың өзгергіштігі жоғары, жекелеген оқушыларда бағдарлау қателері мен ұзақ кідірістер тіркелді. Бұл кезеңде зейіннің тұрақтылығы мен когнитивтік бақылау механизмдерінің қалыптасу сатысында екендігі байқалады.

6-сынып оқушыларында зейін процестерінің тұрақтануы анық байқалды. Тапсырма орындау қарқыны бірқалыптанған, іздеу бағыты жүйелі, кідірістер саны азайды. Орындау стратегияларының реттелгендігі және жұмыс темпінің біртіндеп тұрақтануы зейіннің көлемі мен тұрақтылығының жақсарғанын білдіреді. Бұл жаста оқушыларда танымдық процестердің жетілуі және оқу әрекетіне бейімделудің белсенді кезеңі жүретіні расталды.

7-сынып оқушыларында нәтижелердің жоғары және тұрақты деңгейі тіркелді. Зейіннің шоғырлану уақыты мен көру-іздеу жылдамдығы жоғары, орындау үлгісі автоматтандырылған сипатқа ие. Оқушылардың көпшілігі тестті кідіріссіз, тұрақты темппен аяқтады. Бұл кезеңде когнитивтік процестердің қалыптасуының жоғары деңгейі, зейінді ерікті түрде реттей білу қабілетінің дамығаны көрінеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Дунаевская Э. Б. Психологическое воздействие «экранного времени» и «зеленого времени» на детей и подростков. Обзор современных исследований / Э. Б. Дунаевская // Комплексные исследования детства. – 2024. – Т. 6, № 1. – С. 33–39. – DOI: 10.33910/2687-0223-2024-6-1-33-39.

2. Шибкова Д. З. Влияние технологий цифрового обучения на функциональные и психофизиологические ответы организма: анализ литературы / Д. З. Шибкова // Science for Education Today. – 2021. – Т. 11, № 3. – С. 130–140. – DOI: 10.15293/2658-6762.2103.07.

3. Кучма В. Р. Психофизиологическое состояние детей в условиях информатизации их жизнедеятельности и интенсификации образования / В. Р. Кучма // Гигиена и санитария. – 2016. – Т. 95, № 12. – С. 1183–1188. – DOI: 10.18821/0016-9900-2016-95-12-1183-1188.

4. Абильдина С.К., Кенжетаева Ж.Т. Психологиялық диагностика. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 248 б.

5. Twenge J. M., Campbell W. K. Цифрлық медианы пайдалану және жасөспірімдерде СДВГ симптомдары // JAMA Pediatrics. – 2020. – № 174(4). – Б. 359–366. DOI: 10.1001/jamapediatrics.2019.5942

УДК 616.379-008.64

СТРУКТУРА ЗАБОЛЕВАЕМОСТИ САХАРНОГО ДИАБЕТА В КАЗАХСТАНЕ (2014–2025 ГГ.)

Шифферштейн Роберт Андреевич

Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева, Петропавловск, Казахстан
E-mail: ishiffershteyn@gmail.com

Аннотация. В статье проведён анализ динамики и структуры заболеваемости сахарным диабетом (СД) в Республике Казахстан за период 2014–2025 гг. Представлены статистические данные по распространённости СД 1 и 2 типов, демографические особенности пациентов, а также структура сопутствующих заболеваний (коморбидностей). Показан устойчивый рост заболеваемости, связанный с изменением образа жизни, питанием, ожирением и наследственными факторами. Подчёркнута необходимость комплексного подхода к профилактике и лечению СД, включающего коррекцию факторов риска, расширение скрининговых программ и улучшение доступности медицинской помощи.

Ключевые слова: сахарный диабет, коморбидность, эпидемиология, структура заболеваемости, сопутствующие заболевания.

STRUCTURE OF DIABETES MELLITUS MORBIDITY IN KAZAKHSTAN (2014–2025)

Abstract. This article presents an analysis of the dynamics and structure of diabetes mellitus (DM) morbidity in the Republic of Kazakhstan for the period 2014–2025. It provides statistical data on the prevalence of type 1 and type 2 DM, the demographic characteristics of patients, and the structure of comorbid conditions. A sustained increase in disease incidence linked to changes in lifestyle, diet, obesity, and genetic factors is shown. The need for a comprehensive approach to DM prevention and treatment is emphasized. This includes addressing risk factors, expanding screening programs, and improving access to medical care.

Keywords: diabetes mellitus; comorbidity; epidemiology; morbidity structure; associated diseases

Введение. Сахарный диабет (СД) – одно из ведущих неинфекционных заболеваний современности. Глобально в 2023 г. насчитывалось около 529 млн больных СД, и ожидается дальнейший рост до 693 млн к 2045 г.[1]. В Казахстане доля диабета также неуклонно растет. По официальным данным Минздрава РК, на начало 2021 г. в государственных регистрах состояло 382 тыс. пациентов (30 тыс. – СД1, 352 тыс. – СД2). [2]. При этом эпидемиологические исследования (например, национальное исследование NOMAD) указывают, что реальная распространённость СД 2 типа среди взрослого населения достигает 8,2% (около 1,6 млн человек). [3]. С учетом невыявленных случаев общее число больных СД может превышать официальные цифры. Сахарный диабет в Казахстане входит в число ведущих причин инвалидности и смертности, обусловленных сердечно-сосудистыми осложнениями и другими сопутствующими патологиями. [3].

Цель: проанализировать динамику и структуру заболеваемости СД всех типов в РК за период 2014–2025 гг., а также распространенность основных сопутствующих заболеваний и факторы риска.

Динамика заболеваемости диабетом (1 и 2 типа). В последние годы в Казахстане отмечен резкий рост числа больных СД. С 2014 по 2024 гг. зарегистрирован практически двукратный рост пациентов с СД. Так, согласно пресс-релизам Минздрава, к октябрю 2024 г. число диспансерных больных диабетом превысило 516,5 тыс. человек (из них 486,9 тыс. – СД2

и 29,7 тыс. – СД1). Динамика по годам наглядно отражена в Таблице 1 (данные Минздрава РК за 2014–2024 гг.). Ежегодный прирост больных СД 2 типа в последние годы составляет 8–10%, СД 1 типа – порядка 5%. Рост числа больных на 8–10% ежегодно характеризует стабильно нисходящий профиль СД 2 типа (с 34 тыс. новых случаев в 2023 г.). [4].

Таблица 1. Число зарегистрированных больных сахарным диабетом 1 и 2 типа в Казахстане (на конец года, человек)

Год	СД 1 типа	СД 2 типа
2014	15 362	245 743
2015	16 068	256 487
2016	17 231	275 736
2017	18 136	293 287
2018	19 010	310 365
2019	23 949	343 856
2020	23 896	353 428
2021	23 299	382 857
2022	24 172	401 265
2023	27 760	439 546
9 мес. 2024	29 693	486 986

*Примечание: *9 мес. 2024 г. (данные на октябрь 2024). [4]

Мета-анализ отечественных данных подтверждает устойчивую тенденцию роста. Анализ UNEHS (Единой национальной базы мед.данных) за 2014–2019 гг. показал увеличение распространенности СД обоих типов примерно в 1,7 раза, причем смертность больных СД 1 и 2 типа за этот период выросла в 4 и 6 раз соответственно. [1]. Таким образом, динамика заболеваемости диабетом в Казахстане характеризуется устойчивым ежегодным приростом числа больных обоих типов СД (преимущественно 2 типа). Растет доля СД 2 типа (в последние годы около 94% всех случаев) и количество выявленных больных благодаря массовым скринингам и диспансеризации.

Сопутствующие (коморбидные) заболевания. Сахарный диабет ассоциируется с высокой частотой осложнений и сопутствующих патологий. Классическими сердечно-сосудистыми осложнениями являются ишемическая болезнь сердца, инфаркты миокарда и инсульты. По мнению экспертов, СД «одна из главных причин инфарктов и инсультов» в Казахстане. [3]. В наиболее тяжелых случаях у больных СД развивается атеросклеротический процесс в сосудах (в т.ч. поражение сетчатки глаза и почечных клубочков).

- **Сердечно-сосудистые осложнения:** у больных диабетом часто диагностируют ишемическую болезнь сердца (ИБС), стенокардию и перенесенные инфаркты. Диабет усиливает атеросклероз, предрасполагая к ИБС и инсультам. [3].
- **Хроническая почечная недостаточность (диабетическая нефропатия):** СД является одной из основных причин терминальной почечной недостаточности, требующей диализа. [3]. По оценкам, более половины (54%) пациентов на гемодиализе – больные диабетом. [5].
- **Офтальмопатии (ретинопатия):** Хроническая гипергликемия приводит к диабетической ретинопатии и слепоте. На долю больных СД приходится около 28% всех случаев слепоты в стране. [5].
- **Нейропатии:** Диабетическая невропатия (поражение периферических нервов) проявляется нарушением чувствительности, болями в ногах и т.д. При прогрессировании поражение сосудов и нервов может приводить к трофическим язвам и ампутациям конечностей. [3].
- **Другие:** у больных СД часто выявляют артериальную гипертензию (АГ) и дислипидемию. Коморбидность «СД + АГ» особенно распространена: региональные исследования (Южный Казахстан) показали, что 72,3% лиц с диабетом имеют сопутствующую

гипертонию. [6]. Кроме того, повышается риск сердечной недостаточности и других хронических заболеваний у лиц с диабетом.

По данным исследований, практически все перечисленные осложнения встречаются значительно чаще у больных СД, чем в общей популяции. [3] [5]. Эти сопутствующие заболевания существенно повышают нагрузку на систему здравоохранения и увеличивают смертность диабетиков. [3] [7]

Региональные особенности. Исследования указывают на значительные региональные различия в заболеваемости и сопутствующих факторах. Так, в Южном Казахстане отмечены очень высокие показатели абдоминального ожирения среди взрослого населения (67,9%), низкий уровень физической активности и часто отмечается сочетание СД с АГ. В этом регионе 72,3% больных СД имели диагностированную артериальную гипертензию. [6] Поскольку ЮКО является аграрным регионом с традиционным питанием и жарким климатом, это может способствовать риску ожирения и метаболического синдрома. В других регионах (Северный, Центральный, Западный) пока нет детальных опубликованных данных по коморбидности, но результаты скринингов показывают тенденцию к росту доли больных с ожирением и гипертонией во всех областях страны. Следует отметить, что доступность медицинской помощи и покрытие диспансеризацией также могут варьировать по регионам, влияя на выявляемость СД и его осложнений.

Тенденции в структуре заболеваний за период. В анализируемый период сохранялись следующие ключевые тенденции структуры заболеваемости СД и связанных с ним патологий:

- Рост выявленной заболеваемости. Увеличение числа пациентов с СД не сопровождалось снижением ни в одном году: с 2014 по 2024 г. число больных диабетом увеличилось вдвое. Ежегодная прирост составляет несколько десятков тысяч новых случаев (в 2023 г. выявлено дополнительно около 34 тыс. больных СД2 и 1,3 тыс. СД1). [4]
- Увеличение тяжести исходов. Одновременно с ростом числа больных увеличивается и смертность от диабета. За 2014–2019 гг. смертность при СД выросла в 4–6 раз, что указывает на ухудшение контроля или более позднее выявление осложнений. [7].
- Преобладание СД 2 типа. Во всей структуре больных доминирует СД 2 типа (на 2024 г. около 94% всех случаев). [4]. Это отражает общую тенденцию: «инсулиннезависимый» СД ассоциирован с социально-экономическими изменениями (урбанизация, образ жизни) и составляет основу заболеваемости диабетом.
- Демографические сдвиги. Наиболее уязвимые группы – люди старшего возраста и представители казахской национальности. Так, анализ национальных данных показал, что пожилой возраст и казахская национальность ассоциируются с более высоким риском неблагоприятных исходов СД. Мужской пол также был фактором повышенного риска летальности среди больных СД, что может отражать особенности контроля заболевания и сопутствующих сердечно-сосудистых рисков у мужчин. [7]

В целом за период 2014–2025 годов структура заболеваемости СД характеризовалась не только ростом численности больных, но и усложнением их клинического статуса (больше осложнений, большая нагрузка коморбидностей). [3] [7].

Факторы риска и причины коморбидности. Основные факторы риска развития сахарного диабета и его осложнений в Казахстане совпадают с общепринятыми: это неправильное питание, низкая физическая активность, ожирение, артериальная гипертензия, дислипидемия, а также генетическая предрасположенность. Региональные исследования показали, что среди факторов риска НХАИ (некурящие и непьющие) преобладают нарушение диеты, избыточный вес и гиподинамия. Ожирение и абдоминальное ожирение особенно часто встречаются у казахстанцев: в одном исследовании более 67% опрошенных имели абдоминальный тип ожирения. [6].

Ключевыми причинами высокой коморбидности диабета являются длительность заболевания и некомпенсированный гликемический статус на фоне других факторов. Артериальная гипертензия является наиболее частым сопутствующим заболеванием у диабетиков (в ЮКО 72,3% одновременно болели и гипертонией). [6] Курение и дислипидемия

также усугубляют течение болезни, хотя точных цифр по ним в национальных данных нет. Демографические факторы – старший возраст и мужской пол – связаны с повышенным риском развития осложнений СД и смертности. Казахская национальность (возможно, связанные с ней генетические и социально-экономические факторы) также ассоциирована с худшим прогнозом. [7]

Суммируя, главными факторами риска коморбидных состояний у больных диабетом в Казахстане являются: неправильный образ жизни (ожирение, низкая физическая активность, плохое питание), сопутствующая гипертония и дислипидемия, а также неблагоприятные демографические характеристики (возраст, пол, генетика). [6] [7]. Устойчивый рост сочетанных «диабет+АГ» и «диабет+ХПН» обусловлен общими патогенетическими механизмами (артериальная гипертензия, сосудистые повреждения, оксидативный стресс и др.) и требует профилактических мер по снижению этих рисков.

Выводы. За период 2014–2025 годов в Республике Казахстан сохраняется устойчивая тенденция роста заболеваемости сахарным диабетом всех типов. На фоне успешного расширения диспансерного учёта число выявленных больных выросло вдвое за декаду, преимущественно за счёт случаев СД 2 типа, распространенность которого сегодня превышает 8% взрослого населения. При этом у значительной части пациентов отмечаются тяжелые сопутствующие заболевания – сердечно-сосудистые (ИБС, инфаркты, инсульты), диабетическая нефропатия, ретинопатия, невропатия и др. На долю больных диабетом приходится существенная часть случаев слепоты и хронической почечной недостаточности в стране. Основные причины коморбидности – сочетание диабета с артериальной гипертензией, ожирением и нарушением липидного обмена, а также демографические факторы (старший возраст, мужчина, казахская национальность).

Необходимы комплексные меры: усиление профилактики (коррекция образа жизни), улучшение ранней диагностики предиабета/диабета при скрининге населения, контроль артериального давления и липидов у пациентов с СД. Также важно обеспечить равный доступ к лечению (инсулины, гипогликемические препараты) и реабилитации. Только сбалансированный подход к борьбе с диабетом и его факторами риска поможет замедлить рост заболеваемости и снизить бремя сопутствующих осложнений.

Список использованных источников

1. Mattioli1885journals.com – глобальная статистика диабета (2023) https://www.mattioli1885journals.com/index.php/actabiomedica/article/download/15905/12156/126976#:~:text=pooled%20mean%20DM%20prevalence%20in,be%20warranted%20based%20on%20the

2. Министерство здравоохранения Республики Казахстан https://www.gov.kz/memleket/entities/dsm/press/news/details/278113?lang=ru

3. Informburo.kz – аналитические материалы и интервью экспертов https://informburo.kz/stati/ignoriruiut-lecenie-i-ploxo-sebia-vedut-kak-v-kazaxstane-boriutsia-s-diabetom-i-invalidnostiu

4. rus.baq.kz – официальные публикации и статистика Минздрава РК (2024) https://rus.baq.kz/kolichestvo-bolnyh-diabetom-v-kazahstane-uvelichilos-v-dva-raza-za-10-let_300003515/

5. Inbusiness.kz – отчёты по осложнениям диабета (ретинопатия, ХПН) https://inbusiness.kz/ru/news/pacienty-s-diabetom-ostanutsya-bez-lekarstv

6. Clinmedkaz.org – региональные исследования факторов риска и коморбидности https://www.clinmedkaz.org/download/risk-factors-of-chronic-noncommunicable-diseases-comorbidity-in-south-kazakhstan-region-9047.pdf

7. PubMed – публикации казахстанских исследователей по диабету и смертности https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/36368961/

УДК 612.66

ГЕНЧИ ЖӘНЕ ШТАНГЕ СЫНАМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ «ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ» МАМАНДЫҒЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ЖАҒДАЙЫН БАҒАЛАУ

Тулебаев Нұрасыл Бақытжанұлы[1], Базарбаева Сауле Мұхаметқалиқызы[2]

Ғылыми жетекші - М.Қозыбаев атындағы СҚУ "Биология" кафедрасының қауымдастырылған профессоры/доцент, PhD Базарбаева С.М

[1]Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл қаласы, Қазақстан
[2]Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл қаласы, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл зерттеу М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының екінші курс студенттерінің функционалдық жағдайы мен тыныс алу жүйесінің төзімділігін Генчи және Штанге сынамалары арқылы бағалауға бағытталды. Бұл көрсеткіштер студенттердің функционалдық тұрақтылығы мен гипоксияға төзімділігінің жоғары деңгейін көрсетеді, бұл олардың тұрақты дене жаттығуларына қатысуымен және жақсы дамыған аэробтық қабілеттерімен байланысты. Алынған нәтижелер тыныс алу төзімділігі мен биологиялық жас арасындағы байланыстың нәтижесі жақсы екенін көрсетті.

Кілт сөздер: Штанге сынамасы, Генчи сынамасы, функционалдық жағдай, гипоксияға төзімділік, биологиялық жас, студенттер, дене шынықтыру.

ASSESSMENT OF THE FUNCTIONAL STATE OF PHYSICAL EDUCATION AND SPORTS STUDENTS USING THE GENCHI AND STANGE TESTS

Abstract. This study was aimed at assessing the functional state and respiratory endurance of second-year students majoring in “Physical Education and Sport” at M. Kozybayev North Kazakhstan University using the Genchi and Stange tests. The obtained indicators demonstrated a high level of students’ functional stability and resistance to hypoxia, which is associated with their regular participation in physical training and well-developed aerobic capacity. The results showed a strong relationship between respiratory endurance and biological age.

Keywords: Shtange test, Genchi test, functional state, hypoxia resistance, biological age, students, physical education.

Кіріспе. Қазіргі таңда жоғары оқу орындарындағы студенттердің функционалдық жағдайын бағалау мен ағзаның бейімделу мүмкіндігін анықтау физиология және спорт ғылымының өзекті бағыты болып табылады. Тыныс алу және жүрек-тамыр жүйелерінің төзімділігін зерттеу дене шынықтыру және спорт мамандығында білім алушылардың кәсіби дайындығының сапасын көрсетеді [1]. Физиологтардың айтуынша, тыныс алуды ұстап тұру ұзақтығы ағзаның гипоксияға төзімділігін және оттегіні пайдалану тиімділігін сипаттайтын маңызды функционалдық көрсеткіш болып табылады [2; 3]. Осыған байланысты Штанге және Генчи сынамалары ағзаның тыныс алу резервтерін бағалаудың ең сенімді әдістерінің бірі ретінде қолданылады .

Әдебиеттерге шолу. Штанге сынамасын алғаш рет Л. В. Штанге (1913) ұсынған. Бұл әдіс адамның тынысты ішке тартқаннан кейінгі кідіріс уақытына негізделген және организмнің гипоксияға төзімділігін көрсетеді. Сынама барысында алынған көрсеткіштер тыныс алу және жүрек-қантамыр жүйесінің оттегі жетіспеушілігіне бейімделу деңгейін

сипаттайды. Штанге тестінің жоғары мәндері ағзаның функционалдық резервінің молдығын, ал төмен мәндері керісінше, аэробтық мүмкіндіктің әлсіздігін білдіреді.

Г. Л. Апанасенко (1992) өз еңбектерінде Штанге сынамасын адамның функционалдық жағдайын кешенді бағалау әдістерінің құрамына енгізіп, оны валеологиялық денсаулық индексінің негізгі компоненттерінің бірі ретінде қарастырған. Оның пікірінше, бұл сынама ағзаның энергетикалық тұрақтылығын көрсететін биологиялық маркер болып табылады. Апанасенко адамның функционалдық мүмкіндіктерін бес деңгейге бөлген (өте төменнен өте жоғарыға дейін) және бұл деңгейлерді денсаулық пен ұзақ өмір сүрудің тікелей көрсеткіші ретінде сипаттаған [4].

Бұған ұқсас бағытта М. В. Войтенко (1983) да жұмыс жүргізіп, адамның биологиялық жасын есептеу әдістемесіне Штанге сынамасын енгізген. Оның моделінде тыныс ұстай тұру уақыты жасушалық және жүйелік қартаю процестерінің баяулауымен байланыстырылған. Войтенконың зерттеулері бұл сынама арқылы адамның нақты жасына қарағанда физиологиялық жүйелерінің «жастығын» анықтауға болатынын көрсетті .

Генчи сынамасы (В. В. Генчи, 1935) тыныс шығарғаннан кейінгі кідіріс уақытына негізделген және ағзаның гиперкапнияға бейімделу қабілетін бағалауға арналған. Бұл тест тыныс алу бұлшықеттерінің жұмыс қабілеттілігі мен көмірқышқыл газының жиналуына төзімділікті көрсетеді. Генчи сынамасы кезінде көрсеткіштердің төмен болуы оттегінің тез жетіспеуінен гөрі, көмірқышқыл газы концентрациясына сезімталдықтың жоғары екенін көрсетеді.

Көптеген зерттеушілер бұл сынамаларды студенттер мен спортшылардың аэробтық төзімділігін, тыныс алу жүйесінің бейімделу мүмкіндігін бағалау үшін қолданған. Мысалы, Б. П. Пирогов (1989) студенттердің тыныс алу жүйесін зерттеу барысында Генчи сынамасының нәтижелерін өкпенің тіршілік сыйымдылығымен және оттегі тұтыну деңгейімен салыстырып, олардың арасында жоғары дәрежелі корреляция бар екенін анықтаған .

А. И. Борисенко (2001) бұл сынаманы тыныс алу бұлшықеттерінің төзімділігін бағалау әдісі ретінде қолдана отырып, көрсеткіштердің тұрақты дене жаттығуларына қатысатын тұлғаларда айтарлықтай жоғары болатынын дәлелдеген. Осыған ұқсас нәтижелерді Р. В. Куличенко (1995) және басқа да авторлар алған: олардың мәліметтері бойынша, Штанге сынамасының нәтижелері физикалық дайындық деңгейімен және VO_2 max көрсеткішімен оң корреляция көрсеткен.

Қазіргі заманғы зерттеулерде бұл әдістер студенттер мен жастардың функционалдық күйін, физикалық белсенділігін және биологиялық жасын кешенді бағалау мақсатында кеңінен қолданылады. Прысяжнюк С. (2021) жүргізген еңбекте (Journal of Physical Education and Sport) студенттердің физикалық белсенділік деңгейі мен биологиялық жасы арасындағы байланыс талданған. Зерттеу барысында Войтенко әдісі, IPAQ сауалнамасы және Штанге мен Генчи сынамалары қатар қолданылып, нәтижесінде физикалық белсенді студенттердің биологиялық жасы паспорттық жасынан орта есеппен 5–11 жасқа төмен болғаны анықталған. Бұл деректер тыныс алу жүйесінің функционалдық төзімділігі мен организмнің жас ерекшеліктері арасындағы өзара байланысты дәлелдейді [5].

Аталған сынамалар тек физиологиялық тұрғыдан ғана емес, валеологиялық және педагогикалық зерттеулерде де кеңінен қолданылады. Мысалы, Г.Л. Апанасенко (2008) өз еңбектерінде бұл әдістердің оқу жүктемесінің тиімділігін, студенттердің бейімделу мүмкіндігін және спорттық бағдарламалардың нәтижелілігін бағалауда маңыздылығын атап өткен.

Жалпы алғанда, Штанге және Генчи сынамалары студенттердің функционалдық жағдайын, тыныс алу төзімділігін және гипоксияға бейімделуін бағалау арқылы биологиялық жас пен физикалық белсенділіктің өзара байланысын кешенді сипаттауға мүмкіндік береді. Ғалымдардың көптеген еңбектері бұл сынамалардың қарапайымдылығы мен жоғары сенімділігін дәлелдеп отыр. Сондықтан да олар қазіргі валеология мен спорт физиологиясында биологиялық жас пен денсаулық деңгейін интегралды бағалаудың негізгі әдістерінің бірі ретінде қолданылады.

Екі сынаманы біріктіріп қолдануда көптеген зерттеулер (мысалы**,** Г.Л. Апанасенко 1992; Войтенко, 1983; Прысяжнюк С, 2021**)** Штанге және Генчи сынамаларын бірге қолдану арқылы:тыныс алу және жүрек-қантамыр жүйелерінің үйлесімділігін,гипоксияға бейімделу деңгейін,және физикалық белсенділіктің биологиялық жасқа әсерін кешенді бағалауға болатынын дәлелдеді.Мұндай тәсіл студенттердің жалпы функционалдық жағдайын (functional state) және аэробтық төзімділігін (aerobic endurance) кешенді сипаттайды.

Зерттеу мақсаты. М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 2-курс студенттерінің тыныс алу жүйесінің функционалдық жағдайын Штанге және Генчи сынамалары арқылы бағалау.

Зерттеу М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің № 7 оқу корпусында 2025 жылдың қазан айында жүргізілді.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеуге 32 студент қатысты. Барлық қатысушылар тұрақты түрде дене жаттығуларымен айналысатын, орта есеппен 19–20 жастағы жастар. Штанге сынамасы кезінде студент тыныс алғаннан кейін демін ұстап тұрады; уақыт секундпен өлшенеді[2]. Генчи сынамасы кезінде толық дем шығарған соң тыныстыұстап тұру уақыты тіркеледі [3]. Сынамалар таңертеңгі уақытта тыныш ортада жүргізілді, әр студент екі рет орындады, ең жақсы нәтиже есепке алынды.

Кесте 1–Зерттеу нәтижелері


№	Көрсеткіш	Орташа мән (сек.)	Стандартты ауытқу
1	Штанге сынамасы	68.6	20.75
2	Генчи сынамасы	35.0	14.91

Зерттеу нәтижелері студенттердің тыныс алу жүйесінің жоғары функционалдық мүмкіндігін көрсетті. Штанге сынамасының орташа мәні 68,6 секунд болса, бұл көрсеткіш Белозерова Н.И [2] мен Колокольцев М.М [3] еңбектерінде көрсетілген жоғары деңгей нормаларына толық сәйкес келеді (≥60с). Генчи сынамасының орташа мәні 35,0 секунд — Войтенко В.П [1] және ДДҰ деректерімен салыстырғанда жақсы деңгей (≥30 с). Ең жоғары көрсеткіштер (139 және 75 секунд) студенттердің аэробтық төзімділігінің жоғары екенін дәлелдейді. Төмен нәтижелер (33 және 10 секунд) кейбір студенттерде гипоксияға төзімділіктің жеткіліксіз екенін көрсетті.

Алынған мәліметтер «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 2-курс студенттерінің жүрек-тамыр және тыныс алу жүйелерінің жақсы бейімделгендігін көрсетеді. Бұл олардың жүйелі физикалық белсенділігі мен аэробтық жаттығулардың әсерімен түсіндіріледі [3].

Войтенко В.П [1] атап өткендей, тыныс алуды ұзақ ұстай алу қабілеті ағзаның биологиялық жасының маңызды көрсеткіші болып табылады, себебі ол тіндердің оттегімен қамтамасыз етілуінің тиімділігін сипаттайды. Демек, зерттелген студенттердің функционалдық жағдайы мен гипоксияға төзімділік деңгейі олардың жасына сәйкес немесе жоғары деңгейде деп бағаланады.

Сонымен қатар, тыныс алу сынамаларының нәтижелеріндегі вариативтік айырмашылықтар студенттер тобы ішінде функционалдық резервтердің әркелкі дамығанын көрсетеді. Бұл оқу жүктемесі, жеке физикалық дайындық деңгейі және өмір салты факторларымен байланысты болуы мүмкін. Жоғары көрсеткіштер дене тәрбиесі сабақтарының тиімділігін дәлелдесе, төмен көрсеткіштер кейбір студенттерге қосымша тыныс алу жаттығуларын енгізудің қажеттілігін айғақтайды.



Сурет 1. Штанге және Генчи сынамаларының нәтижелері

Қорытынды. Штанге және Генчи сынамалары дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің функционалдық жағдайын бағалауда тиімді және сенімді әдістер болып табылады.Орташа нәтижелер: Штанге сынамасы — 68,6 с; Генчи сынамасы — 35,0 с. Бұл студенттердің жоғары функционалдық төзімділік деңгейін дәлелдейді. Зерттеу нәтижелері студенттердің гипоксияға жақсы бейімделгенін және спорттық жаттығулардың ағзаға оң әсерін көрсетті.Кейбір студенттерге тыныс алу гимнастикасын және аэробтық жүктемелерді арттыру ұсынылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Войтенко В.П. Методы оценки биологического возраста человека. — Киев: Здоровье, 1980. — Б. 45–62.
2. Белозерова Н.И. Физиологические тесты в оценке физической работоспособности человека. — Москва, 2003. — Б. 27–39.
3. Колокольцев М.М., Ким А.В. Современные методы функциональной диагностики в спорте. — Санкт-Петербург, 2016. — Б. 88–104.
4. Апанасенко Г.Л. Эволюция биоэнергетики и здоровье человека. — Киев: Здоровье, 1992. — Б. 112–135.
5. Prysiazhniuk S., Martyniuk T., Shestopal N., Kuzmych N. Influence of students' physical activity on indicators of biological age. Journal of Physical Education and Sport, 2021, 21(5), 2675–2683. DOI: https://doi.org/10.7752/jpes.2021.05362

УДК 612.3

МЕКТЕПТЕГІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАМАҚТАНУ РАЦИОНЫНЫҢ НОРМАЛАРҒА СӘЙКЕСТІГІН ЗЕРТТЕУ

Әкін Тоты Серікқызы[1], Базарбаева Сауле Мұхаметқалиқызы[2]

Ғылыми жетекші- М.Қозыбаев атындағы СҚУ "Биология" кафедрасының қауымдастырылған профессоры/доцент, PhD Базарбаева С.М

[1]Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл қаласы, Қазақстан
[2]Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл қаласы, Қазақстан

Аңдатпа. Зерттеу мектеп асханасының апталық мәзірін (дүйсенбіден жұмаға дейін) 11–14 жас аралығындағы оқушылардың тамақтану нормаларына (нәруыз, май, көмірсу) сәйкестігін талдауға арналған. Нәтижелер бойынша мәзір жалпы энергиялық қажеттілікті қамтиды, бірақ көмірсу үлесінің жоғарылығы (67–68%) және майдың төмендігі (16–17%) асқазан-ішек жолдары (АІЖ) ауруларының (гастрит, диспепсия, іш қату) қаупін арттыруы мүмкін. Талшықты (20–25 г/тәулік), өсімдік майын және күрделі көмірсуларды қосу арқылы мәзірді оңтайландыру ұсынылады. Бұл шаралар оқушылардың өсуін, иммунитетін және ішек денсаулығын қорғауға көмектеседі.

Кілт сөздер: оқушы, мектеп ас мәзірі, нәруыз, май, көмірсу, АІЖ аурулары, гастрит, диспепсия, іш қату, дұрыс тамақтану, профилактика.

STUDY OF THE COMPLIANCE JF SCHOLL STUDENTS' NUTRITIONAL DIET WITH ESTABLISHED

Abstract. The study analyzes the weekly school cafeteria menu (Monday to Friday) and its compliance with the nutritional norms (protein, fat, carbohydrates) for students aged 11–14. According to the results, the menu meets overall energy requirements; however, the elevated proportion of carbohydrates (67–68%) and the reduced fat content (16–17%) may increase the risk of gastrointestinal (GI) disorders such as gastritis, dyspepsia, and constipation. It is recommended to optimize the menu by adding dietary fiber (20–25 g/day), vegetable oils, and complex carbohydrates. These measures will help support students' growth, immunity, and intestinal health.

Keywords: student, school menu, protein, fat, carbohydrates, GI disorders, gastritis, dyspepsia, constipation, healthy nutrition, prevention.

4. Юсафзай Ш., Әлжанова Н., Құлбатыров Н. Ұлы дала ізашарлары: Қазақстанның іскер әйелдерінің шабыттандырар сұхбаттары: Жиынтық кітап / Нұрлыхан Әлжанованың жалпы редакциясымен. – Астана: NURCE, 2024. – 240 б. (Баспадағы кітап болса).ҚР «Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудағы мемлекеттік реттеу туралы» заңы

5. Абай Қазбекұлы. Қазақстанда кәсіпкер әйелдердің үлесі 43%-дан асты // Егемен Қазақстан: Республикалық газет. – 2021. – 21 қазан. – URL: https://egemen.kz/article/293830-qazaqstanda-kasipker-ayelderdinh-ulesi-43-dan-asty (Қолжетімділік мерзімі: 12.11.2025).

6. Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы: ҚР Президентінің Жарлығымен бекітілген. – Астана, 2016.

7. Ақыбаева Г. С., Мұсабекова А. О., Мамбет С. Ш. Әйелдер кәсіпкерлігінің объектілік-субъектілік ерекшеліктері және оның даму артықшылықтары // Қазақстан ғылымы мен білімі. – 2022. – № 3. – Б. 228–236.

8. Әйелдер кәсіпкерлігіндегі гендерлік ерекшеліктерді зерттеу: Ғылыми баяндама / БҰҰ-Әйелдер (UN Women) және ҚР ҰЭМ-нің Экономикалық зерттеулер институты. – Алматы, 2022. – 75 б. (Баяндаманың жалпы беттер саны).

9. Дәуітбай Г. Кәсіпкер әйелдер әлеуетін арттыру қолдауға ие // Егемен Қазақстан: Республикалық газет. – 2019. – 16 шілде. – URL: https://egemen.kz/article/204704-kasipker-ayelder-aleuetin-arttyru-qoldaugha-ie (Қолжетімділік мерзімі: 12.11.2025).

10. Жақсылықова А. Н. Әйелдер кәсіпкерлігінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсері: Экономика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация автореферати. – Алматы, 2023. – 24 б.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 968 қаулысы. «Бизнесті қолдау мен дамытудың «Бизнестің жол картасы-2025» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы [Электрондық ресурс] // «Әділет» АҚЖ. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000968 (Қолжетімділік мерзімі: 12.11.2025).

16. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1060 қаулысы. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың кейбір шаралары туралы [Электрондық ресурс] // «Әділет» АҚЖ. – URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-upp/documents/details/24810 (Қолжетімділік мерзімі: 12.11.2025).

17. Абдураимова К. С. «Бизнестің жол картасы-2025» мемлекеттік бағдарламасының шағын және орта кәсіпкерлікке әсері // Қаржы және Экономика. – 2023. – № 1. – Б. 55–61. (Үлгілік деректер)

18. Белгібайұлы А. Кәсіпкерге көмек көп // «ORTALYQ QAZAQSTAN» газеті. – 2021. – 15 шілде. – URL: https://ortalyq.kz/k-sipkerge-k-mek-k-p/ (Қолжетімділік мерзімі: 12.11.2025).

SECTION 3. ARTS AND HUMANITIES

ӘӨЖ 17.82.30

«МЕН» КОНЦЕПТІСІНІҢ КӨРКЕМДІК ӨРІСІ

Ж.С. Таласпаева
филология ғылымдарының кандидаты, профессор

М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл, Қазақстан
talaspaeva@inbox.ru

Абстракт. Мақалада қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Мағжан Жұмабаев шығармаларындағы «Мен» ұғымының көркемдік табиғаты сөз болады. Ақын жырларында «Мен» өз заманы мен өз ұлтының жүгін арқалаған поэтикалық бейне ретінде көрінеді. Мағжан «Пайғамбар», «От», «Жер жүзіне», «Жан сөзі», «Мен жастарға сенемін» сияқты өлеңдерінде «Менді» отқа, күнге, қыранға, ерлікке, тіпті тұтас түркі рухына балайды. Сол арқылы ақын жеке адамның «менін» ұлттың «менімен» тоғыстырады. Мақалада осы көріністер метафора, символ, қайталау сияқты көркемдік тәсілдер арқылы талданып, «Мен» концептісінің ұлттық дүниетаныммен байланысы көрсетіледі.
Кілт сөздер: Мағжан, «Мен» концептісі, ұлттық рух, лирикалық кейіпкер, поэтика.

Abstract. The article discusses the artistic nature of the concept of "Men" ("I") in the works of Magzhan Zhumabayev, a prominent representative of Kazakh poetry. In the poet's lyrics, "I" appears as a poetic image that bears the burden of its time and its nation. In such poems as "Prophet," "Fire," "To the World," "Word of the Soul," and "I Believe in the Youth," Magzhan likens this "I" to fire, to the sun, to an eagle, to heroism, and even to the entire Turkic spirit. Through this, the poet unites the individual "I" with the national "I." The article analyzes these manifestations through such artistic devices as metaphor, symbol, and repetition, and shows the connection of the "I" concept with the national worldview.
Key words: Magzhan, concept of "I," national spirit, lyrical persona, poetics.

Кіріспе. Мағжан Жұмабаев – кестелі сөзімен, әдемі ой-өрнегімен, рухты жырларымен, әдебиетке алып келген елеулі жаңалығымен қазақ поэзиясының төрінен орын алған рухты ақын. Оның шығармашылық мұрасы қазақ поэзиясының көркемдік биігін айқындап қана қоймай, ұлттық рухани дүниетанымның жаңа қырларын танытты. Ақын туындыларының концептілік өрісі кең. Сол себепті Мағжан мұрасы түрлі ғылыми зерттеулердің нысаны ретінде қарастырылып келеді. Әсіресе, оның поэтикасындағы «Мен» ұғымы ерекше назар аудартады. Бұл ұғым терең философиялық, мәдени-танымдық және психологиялық мазмұнға ие. Мағжан шығармаларындағы «Мен» концептісін талдау ақынның ішкі әлемін, дүниетанымын, оның замана шындығына берген бағасын түсінуге жол ашады. Әдебиеттануда «Мен» ұғымы көбіне лирикалық кейіпкер бейнесімен сабақтасып қарастырылса, ақын поэзиясында ол әлдеқайда кең мағынаға ие болып, халықтық «Менге», ұлттық болмысқа ұласады. Ақын «Менін» бірде жалынды жастықтың, бірде өр рухтың, бірде мұңлы сезімнің, енді бірде халықтың бейнесімен астастырып береді. Сондықтан Мағжан лирикасындағы «Мен» – тек жеке тұлғаның көрінісі емес, тұтас ұлттың ішкі болмысын айшықтайтын көркем концепт.

Филологиялық тұрғыдан алғанда, концепт ұғымы тіл арқылы қалыптасатын күрделі категория болып саналады. Концепті ұғымының теориялық негіздері В.А. Маслова, Н.К. Рябцева, А. Вежбицкая секілді ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты зерделенген. Ал қазақ

тіл білімінде бұл терминді ғылыми айналымға енгізіп, ұлттық болмыспен ұштастыра зерттеген ғалымдар қатарына А.Қайдар, Р.Сыздық, Н.Уәлиев, Б.Қалиев, Б.Нұрдаулетова т.б. еңбектерін жатқызуға болады. Олар концептіні тілдің тек когнитивтік емес, сонымен қатар этномәдени қызметін де айқындаушы бірлік ретінде қарастырған.

М.Абақан болса, концептіні философиялық және тілдік тұрғыдан түсіндіріп: «Аристотельдің айтып кеткен «Әлемнің тілдік бейнесі» туралы ойын бүгінде әркім әрқалай ұғынса да, болмыс пен тіл арасындағы тығыз байланыс бір ауыздан мойындалады. Мұндай байланыс санадағы көрініс тіл білімінде «Концепт» немесе «эйдетикалық белгі (символ) деп аталып жүр», – деп түйіндейді [1, 45 б.]. Бұл пікірден біз концепт ұғымының тек тілдік категория ғана емес, ұлттық дүниетанымның, халықтық тәжірибенің, мәдени құндылықтардың көрінісі екендігін аңғарамыз.

Мағжан ақынның шығармашылығында «Мен» ұғымы ерекше экспрессивті реңк алған, концептілік мағынаға ие болған ауқымды ұғымдардың бірі ретінде айқындалады. Ақынның әрбір өлеңінде кездесетін «Мен» бейнесі – оның өзіндік «менін» ғана емес, тұтас ұлттың «менін» паш ететін көркемдік феномен. Мәселен, Мағжанның *«Мен жастарға сенемін!»* – деген жалынды жыр жолдары ақынның өзінің лирикалық «Менін» ұлтының үміті мен болашағына ұластырады. Бұл жерде «Мен» ұғымы тұлғалық шеңберден шығып, ұлттың рухани болашағымен үндеседі. «Пайғамбар» өлеңіне назар аударалық:

Ерте күнде отты Күннен Гун туған
Отты Гуннен от боп ойнап мен туғам.
Жүзімді де, қысық қара көзімді
Туа салып жалынменен мен жуғам
Қайғыланба, соқыр, сорлы шекпе зар,
Мен – Күн ұлы, көзімде күн нұры бар,
Мен келемін, мен келемін, мен келем,
Күннен туған, Гуннен туған пайғамбар [2, 23 б.].

Бұл жолдарда «Мен» ұғымы тек жеке тұлғаның шеңберінде емес, бүкіл шығыс халқының атынан сөйлейтін астарлы символ ретінде көрінеді. Өлеңде ақын өз текті Гуннен туғанын айрықша мақтан тұтады және де сол Гуннің жай күннен емес, отты күннен туғанын мәлімдеп, өзін еркіндікке ұмтылған, рухы жалынды, күш-қуаты мол тайпаның ұрпағы ретінде дәріптейді. Бұл тұста Мағжан тарихқа үңіліп, тәңіршілдік діннен шыққан халықтың шығу тегін, оның батырлық қасиеттерін жаңғыртады. Өлеңнің екінші шумағында:

Қайғыланба, соқыр, сорлы, шекпе зар,
Мен – Күн ұлы, көзімде күн нұры бар,
Мен келемін, мен келемін, мен келем,
Күннен туған, Гуннен туған пайғамбар! деген жолдарда ақын өзін халыққа жол көрсетуші, рухани жетекші бейне - пайғамбарға теңейді. Бұл жерде Мағжанның «Мен» ұғымы халыққа үміт сыйлайтын, елді жігерлендіретін символға айналған. Әдебиеттанушы Ш.Елеукеновтің пікірінше, Мағжан поэзиясындағы «Мен» – «жеке бастың ғана емес, ұлттың үні» [3, 112 б.]. Жалынды рухымен аңызға айналған тайпаның символы ретінде, ақын «Мен» ұғымы арқылы азаттыққа толы, қиындыққа мойымайтын халықты бейнелейді. Ал екінші шумағында, тегі бір түркі халқының қанынан тараған қазақтың табандылық, батылдық қасиеттері сөз етіліп, «Мен» ұғымы арқылы қара халыққа үміт, жігер береді. Осындай ұғыммен үндесетін «От» өлеңінде:

Күннен туған баламын,
Жарқыраймын жанамын,
Күнге ғана бағынам.
Өзім – Күнмін, өзім – от,
Сөзім, қызық көзім де – от,
Өзіме өзім табынам [2, 66 б.], - дей келе ақын түркі жұртының атынан сөйлейді. Мұнда ол өз елінде ешкімге бағынбаған, аузында сөзі қалған, қолында семсері бар батыр халықтың иесі ретінде бейнеленген. Кейінгі тармақтарда «мен де отпын», «от менен»

деген алмасулар арқылы алдыңғы жолдағы ойды күшейтеді, халықтың мықты рухын, батылдығын көркемдей суреттейді. Ақын тәңірлік дінге сенген көшпелі халықтың еркіндігін аңсайды, тарих арқылы қазақ халқының текті ұрпақ екенін, қайраты мен жігерін, намысын қорғай білген батырлар ұрпағы екенін паш етеді. Бұл жолдарда жанынан шыққан жыр арқылы ол халыққа рух беріп, ұлттық болмыс пен тәуелсіздік идеясын дәріптейді.

Осы ойдың жалғасы ретінде арыстандай айбатты жастарға сенім артқан ақын «Мен жастарға сенемін» атты жырында Гуннен туған ұрпақтың намысын қайрайды.

Мен сенемін жастарға,
Алаш атын аспанға
Шығарар олар бір таңда,

Мен жастарға сенемін [2, 27 б.], - жолдары кешегі азаттықты аңсаған, айбынды ұрпақтың ұранына айналды десе болады. Сонымен Мағжанның бірінші өлеңінде «мен» арқылы бүкіл түркі халқының үнін естіртсе, екіншісінде күрескер жалынды рухтың ұраны бар. Ақын менінің астарлы ұғымында халықтың болашаққа деген сенімі жатыр.

«Жер жүзіне» өлеңі арқылы «Қайраты мол қандыбалық қыранмын», «Арыстанға қарсы ұмтылған мендей ер», «Қорқар болсам, жұтсын мені қара жер!» деген тармақтарында «қыранмын, ермін, мен» ұғымдары алмаса жұмсалады, мұнда Мағжанның қазақтың тарихын жете білгені аңғарылады. Осы үш ұғым арқылы кешегі Тарбағатай, Алатау сілемдерінде болған қытай-қазақ соғысында жерін жаудың қолынан аман алып қалған қазақтың батыл рухты, жауынгер халық екенін білдіреді. Осыған ұқсас Рымғали Нұрғали ақынның поэтикалық лексикасында жиі қолданылатын, көбінесе тұтас образ, символға айналатын сөздер бар екендігін айта келе, оған қайғы, жан, жас, жүрек, жас қайың, қара бұлт тіркестерін жатқызады [2, 341 б.] «Жан сөзі» өлеңінде:

Жел бол, - дедің, жел болып еспедім бе?
Уақыт талғап, ерте, я кеш дедім бе?
- От бол, - дедің, от болып жанбадым ба?
Күйдірмей, сірә, нәрсе талғадым ба?
-Су бол, - дедің, су болып ақпадым ба?
Жыландай жүз бұралып жатпадым ба?
-Күн бол! – дедің, мен күндей күлмедім бе?
Күнен де астым, мен күндіз-түн дедім бе?
Күн-тәкәппар, мен көппен құшақтастым,

Бұл ісімді күндікке мін дедім бе? – дей келе метафоралық ұғымда берілген жел, от, су, күн табиғат құбылыстары арқылы адамның күйініш, тебіреніс эмоциясын әсерлі етіп көрсетеді [2, 88 б.]. «Мен жел болып еспедім бе?», «Мен, ерте, я кеш дедім бе?», «Мен от болып жанбадым ба?» деген бірыңғай бұйрықты, риторикалық сұраулы сөйлемдерден құрылған өлең жолдары ақынның жан-дүниесін ақтара түскендей. Мұндай жолдарды Абайдың «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?» өлеңіндегі ақынның «мен» ұғымын беретін келесі жолдардан көруге болады:

Өлсем орным, қара жер сыз болмай ма?
Өткір тіл бір ұялшақ қыз болмай ма?
Махаббат ғадауатпен майдандасқан,
Қайран менің жүрегім мұз болмай ма?
Жүрегіңнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпалы-соқпақсыз жерде өстім,

Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!...,-деген шумақтарында мен қолданысы «мұз – жүрек», «жұмбақ адам», «мыңмен жалғыз алысу» сынды тіркестерімен ашыла түседі. «Мен» тұжырымын ақын соңғы шумағында қорыта түседі:

Ішім толған у мен өрт, сыртым дүрдей,
Мен келмеске кетермін түк өндірмей,
Өлең шіркін өсекші, жұртқа жаяр

Сырымды тоқтатайын айта бермей [4, 226 б.].

М.Әлімбаев: «Мағжан ақын – көңілдің бір сәттік кернеуінен өз басын босатуды ғана емес, ол – өз сөзінің ыстығы мен жылуын мөлшерлей білетін, оқырманға ой толғанысының қалай және қаншалық әсер ететінін өлшеп отырған аппарат–аспаптай айырар ақын. Қиялап ұшып, қиядан шолып қияндағыны қапысыз танитындай» [5, 10 б.], - деген пікірі Мағжанның сезімнің ақыны екендігін дәлелдей түскендей. Ақын өзінің «Мен» ұғымын «От», «Жел», «Жүрек» концептілерімен де байланыстырады. Сондықтан ол бұлқынады, серпінеді, үстем болғысы келеді. Ақынның қиял образы мен астарлы ой-толғамдары метафора мен метонимия тәсілдері арқылы шебер өрілген. Мәселен, ақын өзінің «Менін» кейде «жалынға», кейде «құйындай» немесе «аспанға самғаған қыранға» балап, ерекше поэтикалық бейнелер жасайды. Мағжан өлеңдерінде «жүрек», «жан», «қан», «тіл» секілді сөздер оның «Менін» бейнелейтін символдарға айналған. Мұндай көркемдік тәсілдер ақынның шығармашылық ойлау жүйесінің ұшқырлығын, тілдік өрнегінің әсемдігін көрсетеді. Мағжан шығармашылығындағы «Мен» концептісі – ақын болмысын ғана емес, халықтық рухты бейнелейтін көркемдік құбылыс. Ол арқылы біз жеке ақын тұлғасының ішкі жан әлемін ғана емес, ұлттық дүниетаным мен мәдени кодты да танимыз. Сондықтан Мағжан поэзиясын концептілік тұрғыдан зерттеу қазақ тіл біліміндегі антропоцентристік бағытқа қосылған қомақты үлес болып табылады.

Мағжан сыршылдық пен суреткерлікті ұштастыра білген, ұлттық рух пен жеке «Менді» тоғыстырып, қазақ әдебиетінің жаңа белесін айқындаған ақын. Оның шығармаларында «Мен» ұғымы ерекше концептілік сипат алып, әр қырынан ашылады. Ақын өз «Менін» тек жеке тұлғалық деңгейде ғана емес, халықтық, ұлттық, жалпыадамзаттық деңгейде де бейнелейді. Мәселен, ақынның «Мен кім?» атты өлеңінде:

Жалынмын мен, келме жақын, жанарсың,
Тұлпармын мен, шаңыма ермей қаларсың.
Күл боларсың, жансаң жаным отына,
Тас боларсың, суық көзге қарарсың…[2, 74 б.],

деген жолдарда ақынның «Мен» ұғымы асқақ, өр, отты бейнеде көрінеді. Мұнда метафора тәсілі айқын байқалады, ақын өзін «жалынға», «тұлпарға» балау арқылы өзінің қуатты рухын, алғыр болмысын суреттейді. Бұл жерде «Мен» – жеке тұлғаның ішкі әлемі ғана емес, еркіндік пен тәуелсіздікке ұмтылған тұтас ұлттың символы. Поэтикалық тұрғыдан алғанда, Мағжан «Менін» бейнелеуде метафора, метонимия, символ, аллегория сияқты көркемдік тәсілдерді молынан қолданған. Ол өз «Менін» кейде отқа, кейде тұлпарға, кейде жас ұрпаққа, кейде халықтың жүрегіне балайды. Бұл тәсілдердің барлығы ақынның тілдік қазынасының байлығын, философиялық ойлау жүйесінің кеңдігін танытады.

Мағжан Жұмабаев шығармашылығында «Мен» ұғымы – оның көркемдік әлемінің өзегін құрайтын басты концепт. Ақын өзінің поэтикалық тілінде «Менді» тек грамматикалық тұлға немесе даралық бейне ретінде ғана емес, тұтас ұлттың рухани болмысын, тарихи жады мен мәдени кодының жиынтығын бейнелейтін көркем категория ретінде пайдаланды. «Мен» ұғымы арқылы Мағжан бірде жеке адамның ішкі сырын ашса, бірде бүкіл түркі халықтарының атынан сөйлеп, олардың тарихи жадысын тірілтті, ал кейде болашақ ұрпақтың айбынын танытты. Мағжанның «Жер жүзіне» өлеңіндегі:

Қайраты мол қандыбалық қыранмын,
Күн болған жоқ жаудан жүрек шайылған.
Арыстанға қарсы ұмтылған мендей ер,
Қорқар болсам, жұтсын мені қара жер!» [2, 69 б.], - деген жолдарында

«Мен» ұғымы «қыран», «ер», «арыстан» бейнелерімен алмастырылады. Бұл да метафоралық қолданыстың жарқын мысалы және «Мен» концептісі арқылы қазақ халқының батырлық болмысын айғақтайды. Демек, Мағжанның «Мен» ұғымы – халықтың жауынгерлік рухын көтеретін ұрандық сипатқа ие. Академик Рымғали Нұрғали ақынның поэтикалық лексикасын талдай отырып: «Мағжанның жырларында жиі қайталанып, символға айналатын сөздер – қайғы, жан, жас, жүрек, жас қайың, қара бұлт. Бұлар ақындық «Меннің» психологиялық жағдайын, эмоциялық күйін білдіреді» [6, 341 б.], – деп түйіндейді.

Қорытынды. Мағжан Жұмабаев поэзиясындағы «Мен» ұғымы – күрделі әрі көпқырлы концепт. Ол – жеке тұлғаның сыршылдық бейнесін, халықтың тарихи-рухани болмысын, түркілік тектілік пен азаттық идеясын, болашақ ұрпаққа деген сенім мен үмітті білдіретін поэтикалық образ. Ақын «Менін» ұлттық деңгейге көтереді. Сол себепті Мағжанның «Менін» түсіну – оның поэзиясының өзегін, қазақтың рухани кодының бір бөлшегін түсіну деген сөз.

Бұл концептіні әдеби-поэтикалық қырынан талдау қазақ әдебиеттануындағы антропоцентристік бағытты толықтырады: біз енді ақынды тек «не жазды?» деп емес, «өзін қалай танытты, ұлтын қалай сөйлетті?» деп оқи аламыз. Сондықтан Мағжан поэзиясындағы «Мен» – қазақ халқының рухани төлқұжаты іспетті.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Абақан М. Тілдің мәдени философиясы. Монография. – Алматы: Айкос, 1999. – 184 б.
2. Мағжан. Өлеңдері, прозасы және әдеби зерттеулер, Құрастырған Ж.Сүлейменов. – Петропавл: Полиграфия, 2006. – 428 бет.
3. Елеукенов Ш. Мағжан Жұмабаев. – Алматы: Білім, 1990. – 56 б.
4. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. Өлеңдер мен поэмалар. 1-ші том.– Алматы: Жазушы, 1986. – 250 б.
5. Әлімбаев М. Толқыннан толқын туады. – Алматы: Қазақ университеті баспасы, 1992. – 245 б.
6. Нұрғали Р. Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да. \\ Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Зерттеу. Астана, Күлтегін баспасы. –2002. – 335 б.

ARSLAN SÖZCÜĞÜNÜN TARİHÎ SÜREÇ İÇERİSİNDEKİ KULLANIMLARI ve DEĞİŞİMLERİ

Dr. Göktürk CEBECİOĞLU

Северо-Казахстанский университет имени Манаша Козыбаева, Петропавловск, Казахстан
E-mail: gokturkgs@hotmail.com

Özet. İlk olarak Eski Uygur Türkçesi metinlerinde "arslan" veya "arsılan" olarak karşımıza çıkan aslan~arslan kelimesi tarihî Türk lehçelerinde ve çağdaş Türk lehçelerinde "arıslan, arsılan, arsıl, arıstan, âarslan, arıslanka, arâslan, arsıl añ, arzılang, alasang" gibi farklı şekillerde görülmektedir. Bu kelimenin etimolojisi hakkında da çeşitli görüşler bulunmaktadır. Ayrıca; arslan kelimesi "güç, kuvvet, cesaret" yönleriyle pek çok atasözünde yer almış, bununla kalmayıp pek çok Türk toplumunda isim ve soy isim olarak kullanılmıştır. Bu bildiride tarihî Türk lehçelerinde arslan kelimesinin kullanımları, çağdaş Türk lehçelerindeki kullanımları, etimolojisi hakkındaki görüşler, atasözü ve deyimlerdeki kullanımları hakkında bilgi verilecektir. Bununla birlikte; arslan kelimesinin Türk toplumundaki ve kültüründeki önemi ve farklı kullanımları üzerinde de durulacaktır.
Anahtar kelimeler: aslan, arslan, Türk lehçeleri, etimoloji, isim.

USES AND CHANGES OF THE WORD ARSLAN THROUGHOUT HISTORICAL PROCESS

Abstract. The word "aslan~arslan," first encountered as "arslan" or "arsılan" in Old Uyghur Turkish texts, appears in various forms in historical and contemporary Turkish dialects, including "arıslan, arsılan, arsıl, aristan, arslan, arislanka, arâslan, arsıl añ, arzılang, alasang." There are various opinions about the etymology of this word. Furthermore, the word "arslan" appears in numerous proverbs with its connotations of "power, strength, and courage," and has also been used as a given name and surname in many Turkish societies. This paper will provide information on the uses of the word "arslan" in historical Turkish dialects, its uses in contemporary Turkish dialects, opinions on its etymology, and its uses in proverbs and idioms. Furthermore, the importance and various uses of the word "arslan" in Turkish society and culture will also be discussed.
KEY WORDS: lion, lion, Turkish dialects, etymology, name.

Giriş: Türkçe Sözlük'te aslan kelimesi şu şekilde geçmektedir:

Aslan: ad 1. Hayvan biliminde kedigillerden Afrika'da ve Asya'da yaşayan, erkekleri yeleli, yırtıcı, uzunluğu 160, kuyruğu 70 santimetre ve ucu püsküllü, çok koyu sarı renkli güçlü bir tür memeli, arslan. 2. Mecaz anlamda gürbüz, cesur ve yiğit adam. (Akalın 2011: 168)

Aslan sözcüğünün ilk olarak Eski Uygurca metinlerinde görebilmekteyiz. Bu sözcüğün Uygurcada nasıl kullanıldığı hakkında Hacer TOKYÜREK şu açıklamayı yapmaktadır: "Aslan, Türklere Budizm yoluyla girmiş olan bir hayvandır (Esin 2001: 140). Eski Çin'de dört mevsimle ilişkilendirilir ve kış mevsimini temsil eder (Beer 2003: 67) ve kış mevsimine de bağlı olarak ölümü simgeler (Beer 2003: 69). Skr. si ṃ ha ve Çin. 師子 shī zi olarak gösterilen arslan, korkusuzluğu ve hayvanların kralı olmasından dolayı Budizmde Buddha'yı işaret eder." (Tokyürek 2013: 241)

Tarihî Türk Lehçelerinde Arslan. Tarihî Türk lehçelerindeki şekilleri: Köktürkçede bulunmaz. Eski Uygur, Karahanlı, Orta Uygur, Orta Kıpçak, Harezm, Eski Osmanlı Türkçesi: "*arslan"*; Orta Kıpçak, Çağatay Türkçesi: "*arsalan, arslan"*; Orta Kıpçak: *"astlan"* Harezm : "*arıslan"*; Çağatay : "*aslan"* şeklinde geçtiği görülmüştür. (Leksika, 158) (Akt. Besli 2010: 8)

Ahmet CAFEROĞLU'nun Eski Uygur Türkçesi Sözlüğü'ndeki bilgiye göre -A. Von Le Coq'un Türkische Manichaica aus Chotsho metninden de alıntı yapılmış- arslan sözcüğünün "*Çigil Arslan ve Arslan Tarkan"* şeklinde Eski Uygur metinlerde geçtiği bildirilmiştir.

Kıpçak Türkçesi Sözlüğü'ne göre *"arslan"* kelimesi Kitâbu Bulgatü'l-Müştak Fî Lügati't-Türk Ve'l-Kıfçak, Codex Cumanicus, Ed-Dürretü'l-Mudiyye Fi'l-Lügati't-Türkiyye, Gülistan Tercümesi (Kitâb Gülistân Bi't-Türkî), İrşâdü'l-Mülûk Ve's-Selâtin, El-Kavanînü'l-Külliyye Li-Zabti'l-Lügati't-Türkiyye, Kitâb-ı Mecmû-ı Tercümân-ı Türkî ve Acemî ve Mugalî, Et-Tuhfetü'z-Zekiyye Fi'l-Lügati't-Türkiyye, El-Kavânînü'l-Külliyye Li-Zabti'l-Lügati't-Türkiyye, Kitâbü'l-Ef'âl metinlerinde geçtiği görülmüştür.

N. N. POPPE'nin hazırladığı Mustafa Sinan KAÇALİN'in çevirdiği Zemahşerî'nin Mukaddimet'ül Edeb (Moğolca-Çağatayca Çevirinin Sözlüğü) adlı eserde arslan kelimesi Moğolca-Çağatayca çeviri olarak şu şekilde verilmiştir:

arslan bayku gacar-çev. arslan turur yer: arslan yatağı// arslan hodun-çev. arslan yulduz: arslan burcu

arslanu küçük-çev. arslan balası: arslan yavrusu// arslan kimusun-çev. Arslan tırnağı: arslan pençesi

Kanar Eski Anadolu Türkçesi Sözlüğünde geçen şu örnekte de arslan kelimesi görülmüştür: Bunları yinsen, cihân sultanısın/ Ne Sikender, Tengrınun arslanısın (Ahmedî İskendernâme) (Bunları yenersen, dünya sultanısın demektir. İskender şöyle dursun, artık Tanrının arslanı olursun).

Çağdaş Türk Lehçelerinde Arslan. Çağdaş Türk lehçelerindeki şekilleri: Türkiye, Türkmen, Kumuk, Tatar, Altay, Uygur Türkçesi : "*arslan"*; Türkiye, Azeri Türkçesi : *aslan*; Kazak : *arıstan*; Kırgız : *artsan*; Özbek : *arslån*; Sarı Uygur : *arsılan*; Tuva : *arzılan*; Çuvaş : *uslam* (Leksika, 158) (Akt. Besli 2010: 9)

Çetin PEKACAR'ın Kumuk Türkçesi Sözlüğü'nde arslan ve arslanqaplan kelimeleri şu şekilde verilmiştir.

arslan **1.** 1) bk. Arslanqaplan; 2) erkek özel isim Arslan; **2**. mecaz anlamda Cesaretli, cesur, yürekli, mert, yiğit; arslan yürekli adam.

arslanqaplan: aslan, arslan

Emine GÜRSOY NASKALİ ve Muvaffak DURANLI'nın ortaklaşa hazırladığı Altayca-Türkçe Sözlük'te arslan ve karakula kelimeleri şu şekilde geçer:

Arslan: Arslan; Altan kulaş azulu arslan külük çıgıp keldi folk. Altmış kulaç azı dişli aslan pehlivan çıkıp geldi; Bk. Karakula

Karakula: Rusça 1. Zooloji Arslan; bk. Arslan 2. Mitoloji (Destanda hayvan); Karakula degen kazır añ ayrı agaştıy azularında alıptardıñ söögin apargap folk. Karakula adındaki vahşî hayvan ağaç gibi dallanmış dişlerinde bahadırların vücudunu getirdi.

Yeni Uygur Türkçesi Sözlüğü'nde arslan ve şir kelimeleri şu şekilde geçmektedir:

Arslan: Aslan. Arslan jürek "aslan yüreği". Arslan jüreklik "aslan yürekli"

Şir (F.) Arıslan. Şirdek "arıslan gibi".

Şemsettin Sami'nin Kamus-ı Türkî adlı Osmanlıca Sözlüğünde aslan kelimesi şu şekilde geçmektedir:

Aslan: *sıfat* Kuvvet ve salvetiyle meşhur olan maruf hayvan, esed, şîr // *mecaz anlamda* Cesur adam, bahadır. (Sami 2010, 72)

Kültür Bakanlığı Yayınları'ndan çıkan Karşılaştırmalı Türk Lehçeleri Sözlüğü'nde arslan kelimesinin Çağdaş Türk lehçelerindeki kullanımı şu şekildedir:

Türkiye Türkçesi: arslan, aslan; Azerbaycan Türkçesi: aslan; Başkurt Türkçesi: arıslan; Kazak Türkçesi: arıştan; Kırgız Türkçesi: arştan; Özbek Türkçesi: arslan, şer; Tatar Türkçesi: arıslan; Türkmen Türkçesi: arslan, yolbars; Uygur Türkçesi: arslan

Arslan Kelimesinin Etimolojisi. Tuncer GÜLENSOY arslan kelimesinin kökeni ve gelişimi hakkında Türkologların görüşlerini de içeren Türkiye Türkçesindeki Türkçe Sözcüklerin Köken Bilgisi Sözlüğü adlı eserinde şu bilgilere yer vermiştir:

Aslan~arslan 'Afrika ve Asyada yaşayan vahşi bir hayvan' =Orta Türkçe aslan (DLT); Uygur Türkçesi **arslan** (>Moğolca (Kalmückisches Wörterbuch, 14) arsalan)

<a(r)s+lan

arslan adı üzerine bazı görüşler vardır:

1.<ar=sıl "sarı" +**añ** 'canavar' (L. Patrubany)

Orta Türkçe **âr** (DLT) 'sarı portakal renginde) ar böri=Sırtlan arsıl=Vahşi, azgın

2. arsıl ilan~arıs ilan (W. Bang, KSz 17:112-146)

3. arsıl+an (G.Nêmeth; H.Eren destekler.TDES, 20-21)

4. arslang (arslañ)<Moğolca

5. Patrnbany (NyK 16:459):<Yakutça ***arı** 'sarı' + **-sıl+añ** 'ağızlarda vahşî hayvan' (Bu görüşe Eren Karşı çıkar)

Budenz (NyK 16:400): <**arslan** sözünün açıklamasında **kaplan** ve **sırtlan** biçimlerine de uyması kaçınılmazdır.

Vambery (Die primitive Cultur des turco-tatarischen Volkes, Helsinki 1878): <**arış** "güçlü"+**lan** "vahşî hayvan"

Ramstedt (Formenlehre, 230): <**ars-** "kükremek"+**lañ**

Şçerbak (LTJa 137-138): <**âr** "kestane rengi" + **sıl** + **añ**

Baskakov (Russkie familii 101,174): < **arsıl + añ** [Altaycadaki **arsıl aba** 'ayı' (ATS,28) sözü dikkate alınırsa, en uygun görüş budur.]

Rasanen (MTS 104): <**ars+lan**

Clausen (ED, 238):< **as+lan~arıs+lan** (>Moğolca **arslan/arsalan [+lan** "ending"]

Ligeti (TörK 230): <**arıs+lan**

Pristak (Handbuch der Orientalistik, Turkologie, 36): <İranca. **Pars** [Doerfer kabul etmez.]

Brockelmann (OGM 76. B): < **ars** "?" +**lan**

Doerfer (TMEN 453): Bang, Ramsted ve Pristak'ı eleştirir.

Eren (TDES, 20-23): **aslan~arslan** hakkında yayınlar üzerine bilgi verir, görüş belirtmez. (Akt. Gülensoy 2007: 82-83).

Arslan Kelimesinin Tarihi ve Kültürel Kullanımları:

Arslan kelimesi güç, cesaret ve kudret yönleriyle tarihi şahsiyetlerde isim olarak kullanılarak Türk kültüründe yer almıştır.

Ertan Besli "Eski ve Orta Türkçe Hayvan İsimlerinin Etimolojisi" adlı doktora tezinde arslan kelimesinin tarihi ve kültürel kullanımlarını şu şekilde ifade etmiştir:

"Öncelikle aslan isminin anlamı mitoloji ile ilgiliydi. Bu ismin anlamı bağlı dünya görüşünden yayılmış ve kahraman ataların kültü tarafından belirlenmiştir (Gum., 83). Son zamanlarda ismin iki yönlü metaforik anlamı meydana gelmiştir: aslan → 'kudretli', 'cesur' (ESTYA, 17), 'Aslan takımyıldızı' → 'Aslan Takımyıldızı'nın altında doğmuş olan'.

Tarihi Türk lehçelerinde arslan kelimesi gerçekte yaşamış olan kişinin adı olarak kullanılmıştır. Karahanlı : arslan tegin (DTS, 55), Orta Kıpçak : arslan boga, arslan taş (Houtsma, 1894: 33-34); Kazak : arıstan bek (~ bay) (Jan Eckmann 69); Kırgız : arstan beg (Kırgız Türkçesi şahıs ismi 59); b) Orta Uygur : beg arslan (DTS, 103), Eski Türkmen : kara alp arslan (Kon.RT: 61) ve Türkmen : beg arslan (Türkmen Türkçesi şahıs ismi 140), krş. Orta Kıpçak : alp arslan (Houtsma, 1894: 34), Tatar : alıp arslan (Satt., 34, alıp < alp). Görülen şu ki Tatar şahıs ismi : buga arslan için büyük bir kronolojik derinlik varsaymak mümkündür (Özel İsim 301), krş. Orta Kıpçak : arslan boga (Houtsma, 1894: 33) aynı öğe yapısı ile; ama farklı öğe dizilişiyle." (231, Besli).

Sonuç:

1. "Aslan kükrerse atın ayağı kösteklenir." atasözü 'güçlü kimsenin korkutucu sözleri, güçsüzü kıpırdayamayacak duruma getirir.' anlamına gelmektedir. "Hadi aslanım! Bu işi sen yaparsın." sözüyle işi başaracak gücün o kişide var olduğu söylenir ve aynı kişiye cesaret verilmek istenir. "Arslan gibi çocuk" denince "Maşallah" sözünü eksik etmeyiz ki, güçlü olan çocuğa nazar değmesin diye. Yine çoğu zaman Aslan veya Arslan soy ismine rastlarız. Ormanların kralı olan aslana korku salan gücünden dolayı uzak kalmaktan ziyade; dost gibi, koruyucu gibi yanımızda görür, kendimize yakın hissederiz. Yani bu kelime ürkütücü olması gerekirken, sıcak ve yakın gelir bize. Aslanın karşımızda değil, yanımızda yer almasını isteriz ve kullandığımız cümlelerin derinliklerinde hissettiririz bunu. Bize yakın ve güzel anlamlı gelen aslan kelimesi bu yönüyle tarihi ve çağdaş Türk lehçelerinde çoğu zaman kullanılmıştır.

2. Hasan EREN'in Türk Dilinin Etimolojik Sözlüğü adlı eserinde arslan kelimesinin etimolojisiyle ilgili birçok görüşün var olduğu bildirilmiştir. Bu esere göre arslan kelimesiyle ilgili

öne çıkan görüşler şunlardır: *Kâşgarlı Mahmud'un tanıklığına göre, arsıl 'kestane rengi, kumral' olarak kullanılır. Sonundaki –(a)n da eski ve yeni diyalektlerde yaygın olarak kullanılan bir küçültme ekidir. Nemeth ve Eckmann bu etimolojiyi benimsemiştir. Vambery arslanı arıs 'güçlü' ve lan 'vahşi hayvan' bölümlerine ayırmıştır. Ramstedt eski açıklamaları göz önüne almayarak arslan'ı ars-(arkira- 'kükremek' ve lang(<Çince lan 'vahşi hayvan, hayvan') bölümlerine ayırmıştır. Şçerbak arslan'ın 'kestane rengi' anlamına gelan âr'ın –sıl ekiyle kurulmuş arsıl biçimiyle ang sözünün birleşmesinden oluştuğu yolundaki eski etimolojiyi benimsemiştir.*

3. Kâşgarlı Mahmud'un tanıklığıyla Nemeth ve Eckmann'ın benimsediği tarafımızca da savunulan "arslan sözcüğünün etimelojisi" şu şekildedir: *arsıl 'kestane rengi, kumral' olarak kullanılır. Sonundaki –(a)n da eski ve yeni diyalektlerde yaygın olarak kullanılan küçültme ekidir.*

Kısaltmalar:

Akt.: Aktaran
ALTK: Arap Lehçelerindeki Türkçe Kelimeler
ATS: Altayca-Türkçe Sözlük
Bk.: Bakınız.
Skr.: Sanskritçe
Çin.: Çince
Çev.: Çevirisi
DLT: Dîvânu Lugâti't-Türk
Folk.: Folklorla ilgili
ED: An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth Century Turkish
F.: Farsça
Kbr.: Kabartayca
KSz: Keleti Szemle
LTJa: Leksika tjurkskix jazıkov v sravnitel'nom osvescenii
MTS: Magyar-török Szotar
NyK: Nyelvtudomanyi Közlemenyek
OGM: Osttürkische Grammatik der İslamischen Litteratursprachen Mittelasiens
TDES: Türk Dilinin Etimolojik Sözlüğü
TMEN: Türkische und mongolische Elemente im Nuepersischen
TörK.: A magyar nyelv török kapcsolatai a honfoglalas elött es az Arpad-korban
TT.: Türkiye Türkçesi
TÜBAR: Türklük Bilimi Araştırmaları

Kaynakça

Abbâs İbni Hamza es-Sabrânî (2011), Kitâbü'l-Ef'âl (Kıpçakça Satır Arası Sözlük), Hazırlayan: Dr. Emin EMİNOĞLU, Akçağ Yayınları, 1. Baskı, Ankara.

AKALIN, Şükrü Haluk (2011) Türkçe Sözlük, Türk Dil Kurumu: 549, 11. Baskı, Ankara.

BESLİ, Ertan (2010), Eski ve Orta Türkçe Hayvan İsimlerinin Etimolojisi, İstanbul Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Türk Dili ve Edebiyatı Anabilim Dalı Eski Türk Dili Bilim Dalı Doktora Tezi.

CAFEROĞLU, Ahmet (2011), Eski Uygur Türkçesi Sözlüğü, Türk Dil Kurumu Yayınları, 2. Baskı, Ankara.

EREN, Hasan (1999), Türk Dilinin Etimolojik Sözlüğü, Bizim Büro Yayınları, Ankara.

GÜLENSOY, Tuncer (2007), Türkiye Türkçesindeki Türkçe Sözcüklerin Köken Bilgisi Sözlüğü, Türk Dil Kurumu Yayınları, Ankara.

GÜRSOY, Emine Naskali; Muvaffak DURANLI (1999), Altayca-Türkçe Sözlük, Türk Dil Kurumu Yayınları, Ankara.

http://www.tdk.gov.tr/index.php?option=com_gts&kelime=ASLAN / 22.11.2018

Karşılaştırmalı Türk Lehçeleri Sözlüğü (Kılavuz Kitap) I (1991), Kültür Bakanlığı Yayınları, Ankara.

KANAR, Mehmet (2011) Konar Eski Anadolu Türkçesi Sözlüğü, Say Yayınları, İstanbul.

NECİP, Emir Necipoviç (1955) Yeni Uygur Türkçesi Sözlüğü, Rusçadan Çeviren: Yrd. Doç. Dr. İklil KURBAN, Türk Dil Kurumu Yayınları, Ankara.

PEKACAR, Çetin (2011), Kumuk Türkçesi Sözlüğü, Türk Dil Kurumu Yayınları, Ankara.

ŞEMSEDDİN SAMİ (2010), Kamus-ı Türkî, Hazırlayan: Paşa YAVUZARSLAN, Türk Dil Kurumu Yayınları: 1001, Ankara.

TOKYÜREK, Hacer (2013), Eski Uygurcada Hayvan Adları, TÜBAR-XXXIII-Bahar.

TOPARLI Recep, Hanifi VURAL, Recep KARAATLI (2007), Kıpçak Türkçesi Sözlüğü, TDK Yayınları, 2. Baskı, Ankara.

TOPARLI Recep, M. Sadi ÇÖGENLİ, Nevzat H. YANIK (1999), El-Kavânînü'l-KülliyyeLi-Zabti'l-Lügati't-Türkiyye, Türk Dil Kurumu Yayınları, Ankara.

ZEMAHŞERİ (2009), Mukaddimetü'l-Edeb –Moğolca-Çağatayca çevirinin sözlüğü-, Hazırlayan: N. N. POPPE Çeviren: Prof. Dr. Mustafa S. KAÇALİN, Türk Dil Kurumu Yayınları, Ankara.

УДК 821.512.122

С. МҰҚАНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА КЕЗДЕСЕТІН ТӨРТ ТҮЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕР

Казиева Марал Назаровна[1], Смаилова Канат Кемаловна[2], Мухамеджанов Назар Мерекенович[3]

[1]М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, «Практикалық қазақ тілі» кафедрасы. Петропавл қаласы, Қазақстан, e-mail: maral__1994@mail.ru
[2]М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, «Практикалық қазақ тілі» кафедрасы. Петропавл қаласы, Қазақстан
[3]А.Шәжімбаев атындағы Явленка орта мектебі жанындағы интернат тәрбиешісі. Петропавл қаласы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақала – төрт түлік малға қатысты қолданылатын тұрақты тіркестердің тілдік ерекшеліктеріне арналған. Халық ауыз әдебиетіндегі ертегілердің ішінде «Алтын сақа» ертегісі, көптомдық шығармаларындағы Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі» романындағы «Тамұққа сүйреген», «Сағышты Ораз», «Жаманшұбар» әңгімелеріндегі тілдік ерекшеліктерге талдау жүргізіліп, мағыналары ашылды. Этнолингвистика жайлы ғылыми тұжырымдар, зерттеу нәтижелері көрініс тапты. Төрт түлікке қатысты қолданылатын тұрақты тіркестер ойды бейнелі жеткізу жағынан ертегілер мен әңгімелер тілінің мол қабатын құрайды.

Кілт сөздер: тұрақты тіркестер, ертегілер тілі, астарлы ой, халық ауыз әдебиеті, төрт түлік мал, әңгімелер.

STABLE EXPRESSIONS RELATED TO LIVESTOCK IN S. MUKHANOV'S WORKS

Abstract. The article focuses on the linguistic features of stable phrases related to domestic animals. It analyzes the linguistic characteristics and meanings found in the folk tale "Altyn Saqa", as well as in the multi-volume works of S. Mukanov, particularly in the stories "Tamyqqa Süyreğen", "Sayatshy Oraz", and "Jamanshubar" from his novel "The School of Life". The paper presents scientific conclusions and research findings concerning ethnolinguistics. Stable phrases related to livestock form a rich layer of the language of fairy tales and stories, vividly conveying figurative meanings.

Keywords: stable phrases, language of fairy tales, figurative meaning, folklore, livestock, stories

Кіріспе. Қазақ тіл білімі ғылымында фразеологизмдерді тақырыбына байланысты әртүрлі топтарға бөлу, оларды сан түрлі бағыттарда қарастырып зерттеу үрдіс алу үстінде. Кез-келген тілдік құбылыстардың, оның ішінде фразеологизмдердің табиғатын оның тілдік заңдылықтарына, процестеріне қарап қана емес, сонымен қатар халықтың дүниетанымына, көзқарасына, салт-дәстүріне, ұлттық болмысына, сана-сезіміне байланысты да қарастырған дұрыс секілді. Сол себептен мақаламызда төрт түлікке қатысты тұрақты тіркестерді жан жақты талдауды жөн көрдік.

Жалпы орын жағынан әбден қалыптасқан, құрамы өзгертуге келмейтін, бәрі тұтасып, бір мағынаны білдіретін, бір ғана сөйлем мүшесі ретінде қолданылатын тіркесті тұрақты тіркестер дейтініміз белгілі. Осы тұрақты тіркестердің тақырыптарына үңілетін болсақ, алуан түрлі. Сол тақырыптардың ішіндегі төрт түлікке қатысты қолданылатын тұрақты тіркестердің этнолингвистикалық сипаттамаларына тоқталсақ. Қазақ тілі этнолингвистикасы жайында А.Т.Қайдар: «Этнолингвистика»- этностың инсандық болмысынан туындап, санасында

сараланып, тарихи жадында сақталып, тіл арқылы ғасырлар бойы қалыптасып, қорланып, рухани мәдени мұра ретінде атадан балаға, әулеттен нәсілге үзілмей ауысып келе жатқан дәстүрлі мирасты жаңғыртып, жан-жақты зерттеп, танымдық мәнін ашып болашақ ұрпаққа ұсыну мақсатына байланысты дүниеге келген тіл білімінің күрделі де құнарлы саласы [1, 197 б.], - деп нақты, әрі тұжырымды анықтама береді.

Жан-жануарлар атауларынан қалыптасқан тұрақты тіркестерді этнолингвистика тұрғысынан зерттеу, яғни олардың материалдық мазмұнын, тілдік табиғатын, халықтың өзіндік дүниетанымы, салт-дәстүрі, рухани-мәдени өмірі, әдет-ғұрпы негізінде сипаттау болып саналады. Жан-жануарларға соның ішінде, төрт түлікке байланысты айтылатын тұрақты сөз тіркестеріне үңілмес бұрын, төрт түлік ұғымына көңіл бөлсек; түйе, жылқы, сиыр, қой, ешкі малын қосып, «төрт түлік мал» деп ата-бабаларымыз атап кеткен. Бұлардың сақтаушы иесі бар деп ұғынып, оларды Ойсылқара, Қамбарата, Зеңгібаба, Шопаната, Шекшеката деп атаған. Атаулардың ертедегі қалыптасқан ұғымдық мағынасы өте кең. Бұл атаулар ұлтымыздың тарихымен тікелей қатысты, ұлт болып қалыптасудан көп ілгері ру, тайпамен сабақтас жатқан атаулар. Төрт түлік малды оның «иесі», «киесі» бар деп нанып, оларға жалбарынатын, киелі ақ нар, киелі ақ боз айғыр, киелі көк бұқа, киелі көк қошқар деп ат қою салты болған. «Малымның құты» деп, еркек малдан белгілі бір айғырды, бура немесе лөкті, қошқарды қастерлеген де салт болған [1, 197 б.]. Сол себептен төрт түлік мал тақырыбы адам санасында о бастан осы күнге дейін сақталып келген дүние.

Тарихи шығармаларда болсын, аңыз-әңгімелерде болсын, ертегілерде болсын, кез келген шығармада төрт түлікке қатысты қандай да болсын мәліметтер көптеп кездеседі. Әсіресе жылқы малына қатыстылары жиі ұшырасады.

Төрт түлік малдың ішінде қай халықтың болса да құрмет тұтатындарының бірі- жылқы малы. М.Қашқаридың «Түркі тілдер сөздігінде» жылқы дегенді іріқара деп түсіндірген [2, 107 б.]. Осыған қарағанда, жылқы деген сөз ертеде іріқара деген мағынаны білдірсе керек. Бірақ қазіргі қазақ тілінде «іріқара» деген- түйе, жылқы, сиыр сияқты ұзын сирақты үй хайуандарының жалпылама атауы. Ал жылқы сөзінің мағынасы өте айқын, ол іріқараның ішінде жылқы түлігін ғана меңзейді. «Қамбарата» міне, осы жылқы түлігінің өте ертеден келе жатқан символдық атауы. Қамбар(қам+бар) деген екі бөліктен құралған. Қам- шаман(шаман діні) деген мағынаны білдіреді.Сонда қамбарата тіркесі- шаман дінінің атасы деген мағынада болуы мүмкін. Бірақ қалай да бұл сөзде әлмисақтық, тотемдік танымның образы, түсі айқын тұлғаланғаны анық. «Қамбарата» ұлтымызда «Жылқышыата» деп те аталып жүр. Оның себебі «Қамбарата» атауын жылқы үйірінің айғыры деп түсінгендіктен болса керек.

Жоғарыда атап кеткендей, тұрақты тіркестер тек қана ертегілерде ғана емес, сонымен қатар, көптомдық шығармаларда да көптеп кездеседі. Оның ішінде біздің нақты тоқталып кеткеніміз, Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі» романда кездесетін тұрақты тіркестер. Мәселен «Өрт» тақырыпшасында кездесетін мына мысалға назар аударсақ: - Қартайған кезінде Күрілдек айтып отырар еді, - деседі таныс қарттар, - «Құдайға арманым жоқ, бастан тартқанмен, дәулет пен бақтан тартқан жоқ. Өзім ***ат жалын тартып*** мінгелі үйіме үш наследник түсті: «Александр II, Александр III, Александр II» [3, 13 б.]. Яғни адам болып, ер жетіп, азамат болған кезінен деген мағынада жұмсалған.

Сонымен қатар бұрынғы ата бабаларымыз қашанда жүйрік, шапшаң, тез қозғалатын адамды жылқы малына теңестірген. Төменде көрсетілген «Саятшы Ораз» әңгімесінен алынған мысал соның бірден бір дәлелі. Жасының қартайғанына қарамай, Ораз сол кезде балалардан жүйрік. Балалар қарға батпайды, ол батады. Солай бола тұра, жарыса жүгіргенде, ол балалардан озып кетеді...Егер қар тіпті қалың болып, жүгіртуге мұрша бермесе, Ораз аяғына шаңғы киіп алады. Шаңғы кигенде ол: ***«Шапқан атқа қатарласам»***, - деп серпеді [3, 19 б.].

Осы шығармада кездесетін келесі мысалда тұрақты тіркестерде тұлғаға атқарған ісі үшін жылқы малы ерекше болғандықтан сыйлық ретінде беру мақсатында да қолданады.

Жұрт жиналып, тасаттық берудің жабдығын сөйлесіп жатқанда, Ораз тұрып: «Ау, жұрт, мен білсем, осы жын да емес, шайтан да емес, кәдімгі шошқа. Нанбасаңдар, мен осыны атып көрейін, шошқа болса өледі де, шайтан болса, жоғалады», - дейді. Жұрт ақылдасады да: - Егер

атып өлтіре алсаң, саған бір жақсы ***ат мінгізейік***, - дейді. Сонымен қатар: Торсан ол кезде Есенейдің қызына үйленіп, күпсіп тұрады.тоғжан кеп Торсанға өлең айтса: «Мына соқыр мені танымай тұр-ау, былтыр бір ***ат мінгізгенмін***», - дейді [3, 103 б.]. Яғни «ат мінгізу» тұрақты тіркесінің мағынасы екі мысалда да: риза ету, қадір-құрмет көрсету, сый-сияпат жасау.

Жоғарыда атап өткендей, ертегілер тілінде де төрт түлік малға қатысты қолданылған тұрақты тіркестер молынан кездеседі. Мысал ретінде «Алтын сақа» ертегісінде кездесетін мына тұрақты тіркеске назар аударсақ: «- ***Ат басындай алтын*** берейін, қоя бер, - дейді бай жалмауыз кемпірге» [3, 285 б.]. Түсінікті болу үшін ертегінің тарихына жүгінсек. Баяғы өткен заманда бір бай болады екен. Перзенті жоқ бай балаға зәру болады. Жылқыларын суаруға көлге келсе, жылқылары суға жоламайды екен. Сөйтсе, көлде қалқып жүрген өкпені көреді. Өкпені құрықпен түртсе, ол батып кетіп, кейіннен жалмауыз болып атып шығады. Байды желкесінен алған сәтте шошып, жоғарыда көрсетілген мысал арқылы өз эмоциясын білдіреді. Өміріне төнген қауіптен шошыған бай өзінің бар байлығын жалмауызға беруге әп-сәтте дайын екендігін көрсетеді. Сөздікте «Ат басындай алтын» тұрақты тіркесінің анықтамасы көлемді, үлкен алтын деп беріледі.

Уақыт өлшемін де сонау ерте заманнан қазіргі кезге дейін ата-бабаларымыз қасиетті жылқы малын тіркеске қоса отыра есептеген. Оған дәлел ретінде мына мысалға назар аударсақ: - Сағат дегенің ***биенің бір-ақ сауымындай*** уақыт қой. Қырық шақырым дегенің осы арамен Есеней ауылындай. Сонда ***биенің бір сауымында*** Есеней ауылына барып қалғаны ма? [3, 117б.]. Сонымен қатар: –Қоқа, жеңіл сөз емес қой бұл, - деді Ботпай, - жауабын ақылдасып берейік. Бізге биенің бір сауымындай мұрша беріңіз [3, 212 б.]. Автор, яғни Сәбит Мұқанов тұрақты тіркестің арасына бір-ақ және бір сөздерін қосқан. Ол да бір жағынан авторлық өзгеріске ұшыраған тұрақты тіркес. Биенің екі сауымының арасы, бір сағат шамасындағы мезгіл.

Төрт түліктің ішінде түйе малын байлық ретінде де, көлік ретінде де, азық ретінде де қатты қастерлеген. Осы малдың сақтаушы иесін «Ойсылқара» деп атаған. Ойсылқара атауы ұғымдық жақтан түйе деген мағынаны білдіреді. Атаудың қойылуы сипаттамалы түске ие. Ол басқа түлік атауларына мүлде ұқсамайтын өзіндік ерекшелікпен қалыптасқан. Формалық тұлғалануы жағынан ой+сыл+қара деген толық мағыналы үш сөздің кірігуінен жасалған. Махмұд Қашқаридың «Түркі тілдер сөздігіне» жүгінер болсақ, «ой ат»- қара торы ат. Осындағы «ой» деген сөз көне түркі тілінде қара деген мағынаны білдіретіндігін аңғаруға болады[2, 197 б.]. «Сыл»- зіл, сүлей, «сіл» деген сөз ертеде жеке дара қолданысқа ие болған, тамағы аз деген мағынаны білдіретін сөз. «Қара»- бұл сөзді Шоқан Уәлиханов зерттей келіп, «қара» сөзі ертеде «қасиетті» деген мағына береді,- дейді [2, 197 б.]. Сонда ой+сыл+қара (ойсылқара) деген көне түркі тілінен қазіргі қазақ тіліне сөзбе-сөз аударсақ «қасиетті, тамақты аз жейтін хайуан» деген мағынаны білдіреді. Мұны қысқартып «қасиетті хайуан» деп те атауға болады. Шынында, жылқы, сиырға қарағанда түйе тамаққа да, шөлге де шыдамды хайуан. Халқымыз түйенің ауыр мінезін- тыныштықтың, бейбіт тірліктің қалпына балап, оның мінезінде көрініп қалар «жеңілдікті» жамандыққа жорып, «түйе ойнақтаса, жұт болар»,- деп бағалаған. Күштілікті – «нар жолында жүк қалмас», сұлулықты- бота көзді боз жігіт, бота көзді ару ,- деп суреттеген.

Тұрақты тіркестерде «ақ түйенің қарны жарылды» деген қарық болып қалды мағынасында қолданылады. Мәселен, Сол күннен бастап Итбай ауылында ақ түйенің қарны жарылды [3, 197 б.]. Ал «Сөзі түйеден түскендей» деген тіркес дөрекі, ерсі сөйлейтін адамға байланысты айтылады. «Түйе үстінен ит қапты» деген фразеологизмде икемсіз, епсіз кісі деген мағына бар. Мысал келтірер болсақ: Күн жаумай су болып, түйе үстінен ит қапқан келеңсіз жігіт мұңын айтты[4, 108 б.]. Сондай-ақ «Биені бүгімен, түйені түгімен жұту» тұрақты сөз тіркесі- жебір, жемқор, парақор мағынасында жұмсалады. Мәселен: Ыдысысың параның, түйені түгімен, биені жұтсаң бүгімен, қақалмай бір-ақ толғайтын(Д.Бабатайұлы). Төрт түлікке қатысты құрылған тұрақты тіркестердің ішінен авторлық өзгерістерге ұшырағандары да біршама кездеседі. Мына мысалға назар аударсақ: Достың көлі дөңгелене біткен дедік қой. Осы дөңгелек көлдің күнгей жақ жарымы жалтыр және жалтырдың түбі ***аттың аяғы***

батпайтын құм-құйраң. Қайраңның мөлдірлігі сондай – бетінде жүзген үйрек сүңгіп кетсе, су астында қайда бара жатқандығы көрініп тұрады... Суға бақыр не асық тастасаң, сиырдың таңдайындай иректелген судың түбінде өз көлемінен әлденеше рет зорайып барып жатады...[3, 34 б.]. Яғни бұл тұста Қайраң көлінің тазалығы мен мөлдірлігіне қатысты қолданылып тұрған тұрақты тіркесті көреміз.Ал фразеологиялық сөздікте «Ат тұяғы тимеген» деген тұрақты тіркестің берер мағынасы да осы. Яғни таза, мөлдір, ешкім бармаған, аяқ баспаған. Жоғарыдағы тұрақты тіркесті автор өзінің ыңғайына қарай өңдеп, өзгертіп қолданғанын көруге болады.

Сондай ақ, мына мысалдан да авторлық өзгеріске ұшыраған тұрақты тіркесті көре аламыз. Зәуренің күйеуі – бес мың ***жылқы біткен*** Есеней байдың інісі Еменалының кенже баласы. Аты – Сүлеймен, әкеммен жасты. Зәурені ол тоқалдыққа алған. Бұл ауылда біздің үй бір қыс болған деседі. Ол жылы мен төрт-бес жаста болсам керек [3, 15 б.]. фразеологиялық сөздікте «мал біткен» тұрақты тіркесі көрсетіледі. Яғни бұл тұста автор мал сөзін жылқы сөзімен алмастырған . Бірақ, беретін мағынасы әрине бір, ол – дәулетті, бай, қолы ұзын адам.

Көркем шығармада ат әбзелдеріне де қатысты тұрақты тіркестер молынан кездеседі. Мысал келтірер болсақ: Көшкелі жатқан Ыбырайдың желісіне барып ортырғанымда, оның Райыс атты інісі салт мініп келді де, мені **қамшының астына алды** кеп... Етіме ащы таяқ батқан соң, мен қаштым... Райыс мні ауылға әәкеп тыққанша Өтей-Дәуіштің көші жөнеліп те кетті. Бурыл бие де, құлыны да кете барды!..[3, 87 б.]. Тұрақты тіркестің беретін мағынасы:басы-көзіне қарамай сабады, сілейте ұрды, зорлық жасады. Тағы сол сияқты отбасындағы ең кіші баланы «сүт кенже» тұрақты тіркесі арқылы көрсетуге болады. Мысалы: Мәржам кім? Ол – Сілеусіннің ***сүт кенжесі*** [3, 89 б.].

Жер жүзіндегі барлық жаратылыстың түпкі тегі төрт нәрседен- топырақ, су, от, және желден(ауадан) жаралды десек, түйе- сордан, жылқы- желден, сиыр- судан, қой- ауадан жаратылған деп төрт түлікті әр түрлі нәрсенің символы. Ел ішінде жаһанды кезіп жүрген пәлжала иесі - ібіліс, жын-шайтаннан, жәдігөй сияқты қаскөйлер лаңынан тек жылқы ғана құтқара алады деген түсінік қалыптасқан. Қазақ ұлты жылқыны ежелден «киелі», «өте таза», хайуан деп есептейді. Сойған жылқының басын аяқ астына тастамайды. Оны міндетті түрде биікке (үйдің төбесіне, дуалдың үстіне,талдың басына) шығарып қояды. Зерттеушілер «Сақтар Қаһанды үлкен қорғанның ішіне көмгенде, онымен бірге алтын, күміс және ат көметін» дейді. Тұрмысымызда жылқы сән-салтанаттың, көркемдіктің идеалы.

«Жаманшұбар» әңгімесінде де төрт түліктің ішіндегі халықтың ерекше құрметтейтіндерінің бірі жылқы малына қатысты тұрақты тіркестер кездесті. «Жаманшұбар» әңгімесінде кездесетін мына мысалдарға назар аударсақ: Өкпемен Жаманшұбарға көшіп кеткеннен кейін, бір жаз ***ат ізін салмай*** қойған Мұстафа , қысқа қарай іздеп кеп, Мұқанмен жыласып көрісті де, сол қыста ***ат ізін суытпай*** қайта-қайта келгіштеп жүріп, алдағы көктемде өз қасына көшіріп алып кетті. Бұл тұста автор керағар бір–біріне қарама қарсы мәнде қолданылатын екі тұрақты тіркесті алып отыр. Фразеологиялық сөздікте *«ат ізін салмады»* тұрақты тіркесі қатынаспады, хабарласпады, хабарсыз кетті деген мағынаны берсе, ал *«ат ізін суытпай»* тұрақты тіркесі жиі-жиі келіп тұру, көп зарықтырмау, қатынас жасау мағынасында жұмсалады.

Сонымен қатар С.Мұқановтың «Тамұққа сүйреу» әңгімесінде де төрт түліктің ішіндегі жылқы малына қатысты қолданылған тұрақты тіркестер кездесті. Мысалы: Неге екенін кім білсін, молданың «үйлену» дегеннен жаны түршігелі, әйелмен қалжыңдасуды білмейді, қалжыңдасқысы келген әйелден ***ат-тонын ала қашады***, кәрі кемпір отырған жер болмаса, жас әйел оңаша отырған жерге сүйресең жоламайды...Мұсылман шариғатында, еркектің аз күндік болса да, әйелмен некесін қидырмауы күнә, содан ғана қорыққандықтан, молда Баглан аталатын татар қызына үйленді де, оны еркек атаулының бәрінен қорғаймын деп «құдайға жазып», бірер айда төркініне қайтарды [3, 48 б.]. Бұл тұста тұрақты тіркес азар да безер болды, басын алып қашты, жалпы әйел затынан аулақ болды деген мағынада жұмсалған.

Төрт түліктің бірі- сиыр малы жайлы да тілімізде жеке атаулар мен тұрақты тіркестер де едәуір. Зеңгібаба- сиыр түлігін меңзейтін атау. Н.Ізтілеуов «Рүстем дастанында» зеңгі- түр-түсі қара халық, негрлер, үндістандықтар да зеңгі деп аталады[3, 48 б.] ,- деп түсіндірген . Ал біздің «зеңгібаба» дегендегі осы «зәңгі» сөзінің дыбыстық өзгерісі арқылы ауысқан сөз. Сонда «зеңгібаба» деген тіркесті қазақи ұғымға сәйкестендірсек, «түр-түсі қара халықтардың бабасы, екінші сөзбен айтқанда, сиыр үнділердің бабасы» деп аударуға тура келеді. Көне түркілік тілімізде «сиыр судан жаралған» деген тұрақты сөз тіркесі бар. Үнді дінінің мүрәсімдерінің көбі дария бойында өтеді, сумен қатысты.Осыған қарағанда Үнді діні сиырдың ерекшелігін негізгі тұтқа еткен дін деп айтуға болатын сияқты.

Аңдатпа. Мақалада география сабағында «Іздеу–түрлендіру–қолдану» әдісін пайдаланудың тиімді жолдары қарастырылады. Қазіргі білім беру жүйесінде оқушыны дайын ақпаратты қабылдаушы емес, дербес ойлайтын, зерттеу жүргізе алатын және алған білімін өмірлік жағдаяттарда тиімді қолдана алатын тұлға ретінде қалыптастыру маңызды бағытқа айналды. Осы тұрғыдан «Іздеу–түрлендіру–қолдану» әдісі конструктивизм мен іс-әрекеттік тәсіл ұстанымдарына негізделе отырып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын, кеңістіктік ойлауын, экологиялық және сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған тиімді педагогикалық технология ретінде қарастырылады. Әдістің «іздеу» кезеңінде оқушылар табиғи және әлеуметтік-географиялық нысандар туралы деректер жинап, картографиялық және эмпирикалық материалдармен жұмыс істейді. «Түрлендіру» кезеңінде алынған ақпарат талданып, жүйеленіп, себеп-салдарлық байланыстар анықталып, визуалды модельдер мен карталарға түсіріледі. «Қолдану» кезеңінде оқушылар нақты географиялық және экологиялық мәселелерге практикалық шешімдер ұсынады, жобалық жұмыстар орындайды және қоршаған ортаны қорғау мен тұрақты даму идеяларын жүзеге асыратын шағын бастамалар әзірлейді. Қазақстанның табиғи және мәдени ландшафттарын зерттеу мысалында аталған әдіс оқушылардың экологиялық мәдениетін, жүйелі көзқарасын қалыптастыруға, сондай-ақ зерттеушілік және жобалық қызметке бейімделуіне мүмкіндік беретіні дәлелденеді. Осылайша, «Іздеу–түрлендіру–қолдану» әдісі география пәнін оқытудың мазмұнын тереңдетіп, оның тәрбиелік және қолданбалы әлеуетін күшейтетін интегративті құрал ретінде танылады.

Түйін сөздер: географиялық білім, функционалдық сауаттылық, зерттеушілік оқыту, сын тұрғысынан ойлау, жобалық қызмет

DEVELOPING STUDENTS’ ENVIRONMENTAL LITERACY IN GEOGRAPHY LESSONS THROUGH THE “SEARCH–TRANSFORMATION–APPLICATION” METHOD

The article examines effective ways of applying the “Search–Transformation–Application” method in geography lessons. In the modern education system, an important priority is to shape students not as passive recipients of ready-made information, but as individuals capable of independent thinking, conducting research, and applying acquired knowledge in real-life situations. In this context, the “Search–Transformation–Application” method, based on the principles of constructivism and the activity-based approach, is regarded as an effective pedagogical technology aimed at developing students’ functional literacy, spatial thinking, ecological awareness, and critical thinking skills. During the “search” stage, students collect data on natural and socio-geographical objects and work with cartographic and empirical materials. In the “transformation” stage, the obtained information is analyzed and systematized, cause-and-effect relationships are identified, and the data are visualized in the form of models and map-based representations. In the “application” stage, learners propose practical solutions to concrete geographical and environmental problems, carry out project-based tasks, and develop small initiatives aimed at environmental protection and the promotion of sustainable development. Using the study of Kazakhstan’s natural and cultural landscapes as an example, the article demonstrates that this method helps develop

students' ecological culture, systemic outlook, as well as their research and project competencies. Thus, the "Search–Transformation–Application" method serves as an integrative tool that deepens the content of geography education and strengthens its educational, formative, and practical potential.

Keywords: geographical education, functional literacy, inquiry-based learning, critical thinking, project-based learning.

Қазіргі заманда білім беру жүйесінің басты мақсаты – оқушының тек білім алушы емес, өмірлік жағдайларда сол білімді тиімді қолдана алатын, сыни тұрғыдан ойлайтын, экологиялық жауапкершілігі жоғары тұлға ретінде қалыптасуы. География пәні – табиғат пен қоғам арасындағы өзара байланыстарды түсіндіру арқылы оқушының дүниетанымын кеңейтетін, экологиялық мәдениет пен жобалық ойлауды дамытудың әлеуеті зор оқу пәндерінің бірі [1]. Алайда дәстүрлі оқыту жүйесінде оқушылардың іс-әрекеті көбіне репродуктивті сипатта болып, дайын ақпаратты меңгерумен шектеледі. Мұндай тәсіл оқушылардың зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерін толық аша алмайды, ал бұл XXI ғасыр құзыреттерін – функционалдық сауаттылықты, экологиялық сананы және жобалық қызметті дамытуға кедергі келтіреді. Осы тұрғыдан алғанда, «Іздеу–түрлендіру–қолдану» әдісі оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға және оқу үдерісін зерттеу мен тәжірибеге негіздеуге бағытталған тиімді педагогикалық технология болып табылады. Бұл әдіс конструктивизм мен зерттеу арқылы оқыту (Inquiry-Based Learning) қағидаттарына сүйеніп, білімді дайын күйінде қабылдаудан оны тәжірибе арқылы құрастыруға көшуге мүмкіндік береді [2]. Дәстүрлі тәсіл ең маңызды нәрсені – байланыстарды көру, күрделі географиялық шындықты түсіндіру және алынған білімді нақты мәселелерді шешуде қолдану қабілетін – назардан тыс қалдырады. «Іздеу–түрлендіру–қолдану әдісі» – жай ғана алгоритм емес, ол география кабинетін нағыз ғылыми зертханаға және қоршаған ортаны өзгерту штабына айналдыратын оқыту философиясы. Аталған тәсіл дәстүрлі «оқыды – айтып берді» үлгісіндегі тұйық айналымды бұзады. Ол білімді түпкі нәтиже емес, әрекет құралы ретінде қарастыратын тұтас зерттеушілік циклді қалыптастырады. Бұл үдерісте оқушы бастапқыда ретсіз және шашыраңқы деректерді жинаудан бастайды, оларды шығармашылық тұрғыда талдап, жүйелеп, біріктіре отырып, қоршаған ортада нақты және әлеуметтік маңызы бар іс-әрекетке көшеді. «Іздеу–түрлендіру–қолдану әдісі» танымдық әрекеттің моделі ретінде қарастырылып, конструкционизм мен зерттеу арқылы оқыту қағидаттарына негізделеді және кәсіби географтың, экологтың, урбанистің немесе талдаушының зерттеу-талдау қызметінің логикасын үлгі етеді [3].

Іздеу – далалық зерттеу, эмпирикалық деректер жинау, картографиялық және статистикалық көздермен жұмыс істеу.

Түрлендіру – камералдық өңдеу кезеңі: деректерді талдау, синтездеу, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау, алынған ақпаратты визуалды бейнелер, модельдер және ғылыми баяндаулар тіліне көшіру.

Қолдану – практикалық деңгейге шығу: ұсыныстар әзірлеу, шешімдер жобалау, әлеуметтік бастамалар немесе қоршаған ортаны түрлендіретін өнім жасау.

Бұл цикл тек қоршаған орта туралы білім қалыптастырып қана қоймай, географиялық ойлауды дамытады – яғни жүйелік, кеңістіктік, экологиялық және жобалық ойлау қабілеттерін жетілдіреді [4].

Қазіргі географияны оқытуда заманауи тәсілдер кеңінен қолданылуда. Олар дәстүрлі кабинеттегі бақылаудан бастап әлеуметтік-мәдени жобалауға дейінгі түрлі форматтарды қамтиды. Далалық зерттеу мүмкіндігі шектеулі жағдайларда оқу үдерісі «Кеңістіктік талдау зертханасы» түрінде ұйымдастырылады, мұнда әрбір қатысушы карталар, сызбалар мен деректерді пайдалана отырып, географиялық құбылыстардың заңдылықтарын зерттейтін зерттеуші-детективке айналады. «Табиғи кешен компоненттерінің өзара байланысы (мысалы, "Көлсай көлдері" немесе "Алтын-Емел" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі негізінде) тақырыбында тақырыптық зерттеу жұмыстарын жүргізуге болады.

1. Геоморфологтар тобы Қазақстанның физикалық және контурлық карталарымен жұмыс жүргізеді. Топ мүшелері таңдалған аумақтың жер бедерін талдап, таулы жоталарды, аңғарлар мен көл қазаншұңқырларын анықтайды және картографиялық сервистерден алынған биіктік деректерін пайдаланады. Зерттеу нәтижелерін нақтырақ көрсету мақсатында оқушылар гипсометриялық карта негізінде пластилин немесе тығыз қағаз қабаттарынан жер бедерінің көлемдік макетін жасайды. Бұл тапсырма кеңістіктік ойлау мен елестету қабілетін дамытады. Қосымша ретінде «Жер бедерінің бейнелік үлгісі» жұмысы орындалады: оқушылар тұзды қамырдан жер бедерінің бір бөлігінің (мысалы, төбе немесе жота) үлгісін қалыптап, оны биіктік белдеулерге сәйкес бояйды. Мұндай іс-әрекет оқушылардың ұсақ моторикасын жетілдіріп, жер бедерінің пішінін үш өлшемде қабылдау дағдысын қалыптастырады.

2. Климатологтар тобы климаттық карталарды (жауын-шашын мен температураның таралуы) зерттейді. Олар таулардың орналасуын жауын-шашын мөлшерімен салыстырып, жел өтіндегі және ық жақтағы беткейлер арасындағы айырмашылықты талдайды, биіктік белдеулер бойынша температура мен жауын-шашынның өзгерісін анықтайды. Практикалық құрал ретінде ашық деректер негізінде түрлі биіктік белдеулер үшін температура мен жауын-шашынның жылдық өзгерісін бейнелейтін бағандық диаграммалар жасайды. Тереңдетілген тапсырма – *«Саябақтың климаттық күнделігі»*: топ ашық метеодеректер мен синоптикалық карталарға сүйене отырып, апта бойы саябақтың әр бөлігіндегі шартты ауа райын бақылап, оның туристер мен құрал-жабдық дайындығына ықпалын сипаттайды.

3. Биологтар тобы әр биіктік белдеуіне тән флора мен фаунаның өкілдері туралы ақпарат жинайды: етектегі дала қауымдастықтарынан бастап альпілік шалғындар мен мұздық белдеуіне дейін. Олар энциклопедиялардағы сипаттамалар, фотосуреттер және бейнематериалдарды пайдаланады. Практикалық тапсырма – «Биіктік белдеуінің паспорты»: өсімдіктер мен жануарлардың бейнелері мен тіршілік ету ортасының қысқаша сипаттамасын қамтитын коллаж жасау. Күрделендірілген нұсқа – *«Конверттегі қоректік тізбек»*: оқушыларға саябақтағы организмдердің (өсімдік, шөпқоректі, жыртқыш) бейнеленген карточкалары бар конверт беріледі, олардың міндеті – әр биіктік белдеуі үшін қоректік тізбектерді қалпына келтіріп, өз логикасын түсіндіру. Бұл кезең оқушылардың зерттеушілік және кеңістіктік ойлау дағдыларын дамытып, табиғи кешен компоненттерін өзара байланыста қарастыру қабілетін қалыптастырады.

Антропогендік әсерді зерттеу зертханасы аймақтың туризм түрлері, инфрақұрылымның (қонақүйлер, жолдар және демалыс нысандары) болуы, сондай-ақ экологиялық мәселелер (мысалы, соқпақтардың эрозиясы, тұрмыстық қалдықтардың жиналуы) жөнінде ақпарат іздейді. Топ туристердің тәжірибесін талдау мақсатында саяхатқа арналған порталдардағы пікірлерді зерттейді. Зерттеу нәтижелері негізінде оқушылар *«Туристерге арналған экологиялық ережелер»* тізімін құрастырады, бұл олардың талдау және жауапты мінез-құлық дағдыларын қалыптастырады. Қосымша тапсырма ретінде *«Экологиялық тәуекел аймақтарының картасы»* жасалады: контурлық картада табиғи ортаны пайдалануда туындауы мүмкін қайшылықтар мен экологиялық қауіптер белгіленеді. Оларға, мысалы, туристер мен жабайы жануарлар арасындағы өзара әсер аймақтары, құрылыс нысандарының ландшафтқа ықпалы, тұрмыстық қалдықтардың шоғырлануы және оларды жоюдың қиындығы жатады. Барлық зертханалардың жинақталған деректері «Зерттелетін аумақтың біріктірілген картасына» түсіріліп, табиғи және антропогендік факторлардың өзара байланысын бейнелейтін қорытынды көрнекілік жасалады.

Түрлендіру кезеңі. Бұл кезеңде топтар өз зерттеу нәтижелерін бір-бірімен алмастырып, жиналған деректер арасындағы байланыстарды анықтайды және оларды көрнекі түрде бейнелеуге тырысады [5]. Мақсат – табиғи және антропогендік компоненттердің өзара тәуелділігін айқындау. Зерттеу нәтижесінде барлық топтардың материалдары біріктіріліп, «Табиғи компоненттердің өзара байланысының картасы» жасалады. Онда бедер, климат, өсімдік жамылғысы және адам әрекеті арасындағы себеп-салдарлық байланыстар көрсетіліп, бағыттық көрсеткіштер мен шартты белгілер арқылы бейнеленеді. Қосымша шығармашылық

жұмыс ретінде *«Парк өмірі» диорамасы* орындалады: оқушылар қораптан жасалған көлемдік модель түрінде саябақтың шағын бөлігін бейнелейді. Пластилиннен бедер пішіндері, қағаз бен мақтадан биіктікке тән бұлттар, ал табиғи материалдардан (мысалы, бұтақтар, ұсақ тастар, кепкен шөптер) өсімдік жамылғысы жасалады. Бұл жұмыс алынған білімді біріктіріп, кеңістіктік және экологиялық ойлауды дамытуға бағытталған тактильді әрі визуалды өнім болып табылады.

Қолдану кезеңі. Табылған байланыстар негізінде топтар «Виртуалды туристер мен парк әкімшілігіне арналған ұсынымдар пакетін» әзірлейді. Мұнда экологиялық жауапты туризм қағидалары, табиғатты қорғау іс-шаралары және тұрақты пайдалану жөніндегі ұсыныстар жинақталады. Жиналған деректер мен жасалған модельдер негізінде енді оқушылар өз білімдерін нақты өнімдер арқылы қолданатын жобаларға кіріседі. Бұл кезеңде олар теориялық байқауларды практикалық шешімдермен ұштастырып, табиғи компоненттер арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды нақты мысалдар арқылы дәлелдеуге тырысады. Оқушылар әрбір жобада экологиялық тұрғыдан жауапты әрекеттерді жоспарлап, тұрақты даму қағидаттарын сақтаудың маңызын түсінеді [6]. Нәтижесінде олардың зерттеушілік, шығармашылық және цифрлық құзыреттері кешенді түрде дамиды.

1. «Экологиялық маршрут» жобасы. Топ Google Earth немесе ұқсас бағдарламаларды пайдалана отырып, виртуалды саяхат бағытын әзірлейді. Маршрут бойындағы әрбір нүкте арнайы «таңба» түрінде белгіленіп, онда табиғи нысанның ерекшеліктері мен мінез-құлық ережелері туралы ақпарат беріледі. Қосымша жұмыс – «Зерттеушінің аудионұсқаулығы»: оқушылар маршруттың әр нүктесіне арналған қысқаша мәтіндер жазады және өз дауыстарымен жазып, смартфон арқылы тыңдауға болатын толыққанды аудиогид жасайды. Бұл тапсырма географиялық білімді коммуникациялық және цифрлық дағдылармен ұштастырады.

2. «Мағыналы сувенир» жобасы. Бұл бағытта оқушылар табиғатқа зиян келтірмейтін, керісінше экологиялық мәдениетті насихаттайтын сувенир өнімдерінің нобайын жасайды (мысалы, ашықхат, магнит, белгі). Мысалы, қар барысының силуэті түріндегі магнит ұсынылады, оның үстіндегі QR-кодты сканерлегенде жануарды қорғау туралы ақпарат беті ашылады. Қосымша тапсырма – «Қаптама-нұсқаулық»: оқушылар осы сувенирге арналған экологиялық қаптама дизайнын әзірлейді, онда жойылып бара жатқан түрді сақтау қажеттілігі мен сол аумақтағы мінез-құлық ережелері қысқаша көрсетіледі.

3. «Вирустық сауаттылық» акциясы. Бұл жобада оқушылар әлеуметтік желілер үшін «Нағыз саяхатшының 7 ережесі» атты инфографика сериясын дайындайды. Инфографикалар саябақтың нақты экологиялық мәселелеріне негізделеді және экотуристік мәдениетті арттыруға бағытталады. Қосымша тапсырма – «Есте сақтауға арналған флеш-карталар»: оқушылар көрнекі әрі ықшам флеш-карталар жиынтығын жасайды.

4. Әлеумет-мәдени геокэшинг («Өз өлкеңнің жасырын мағыналарын іздеу»). Бұл әдіс табиғи нысандарды емес, туған жердің мәдени ландшафтарын зерттеуге бағытталған. Оқушылар өз тұрғылықты аймағының мәдени-тарихи кеңістігін зерттеп, күнделікті ортадағы жасырын мағыналарды, тарих пен мәдениеттің байланысын анықтайды. Осылайша олар өз өңірін жаңа көзқараспен «дешифрлейтін» зерттеушілерге айналады. Бұл кезеңнің басты мақсаты – оқушылардың экологиялық, әлеуметтік және мәдени құндылықтарға негізделген жобалық және қолданбалы ойлау дағдыларын дамыту.

Шеберлік сабақ аясында *«Менің қаламның (ауылымның) тарихи-географиялық коды»* тақырыбын жүзеге асыруға болады. Бұл жұмыс бірнеше өзара байланысты кезеңдерден тұрады және оқушылардың туған жерін зерттеу, талдау және оны дамытуға бағытталған жобалық ойлау дағдыларын қалыптастыруды көздейді.

I кезең – Іздеу. Бұл кезеңде оқушылар өздерінің тұрғылықты аймағын зерттеуге бағытталған тапсырмалар сериясын орындайды.

- Өз микроаудандарының немесе көшелерінің жоспарымен танысып, ең көне және ең жаңа ғимаратты табады, олардың суретін түсіреді және көне ғимараттың сәулеттік стилін анықтайды.

• Өз көшелеріндегі жасыл желектердің есебін жүргізеді: ағаштардың санын, түрін (мүмкіндік болса), жағдайын анықтайды. Сонымен қатар, қадамдық қашықтықта саябақтар мен сквердлердің бар-жоғын зерттейді.

• Әр түрлі буын өкілдерімен шағын ауызша сұхбат жүргізеді (ата-әжесі, ата-анасы, құрдасы) – 10, 20 немесе 50 жыл бұрын бұл жер қандай болғанын және уақыт өте қалай өзгергенін анықтайды.

Жинақталған мәліметтер негізінде оқушылар «Естелік картасын» жасайды: көше контурының сызбасына сұхбаттан алынған дәйексөздер мен шартты белгілерді орналастырады. Қосымша тапсырма – «Аула фенологиялық күнтізбесі»: бір ай бойы өз аулалары мен көшелеріндегі маусымдық өзгерістерді (жапырақтардың бүршік жаруы, құстардың келуі, алғашқы қардың түсуі) тіркейді. Бұл жұмыс урбанизацияланған ортада табиғи құбылыстарды байқау дағдысын дамытады.

II кезең – Түрлендіру. Жиналған материалдар (фотосуреттер, дәйексөздер, суреттер) негізінде оқушылар «Микроауданның әлеумет-мәдени паспорты» атты қорытынды өнім әзірлейді. Ол үшін топтар «скрайбинг» әдісін пайдаланып, үлкен көрнекі карта-схема жасайды. Картада келесі аймақтар белгіленеді: *тарихи өзек*; *тұрғын аудандар*; *өнеркәсіптік аймақтар*; *жасыл аймақтар*; *әлеуметтік және мәдени нысандар*. Қосымша тапсырма – «Көшенің өмір ырғағы» графигі: оқушылар өз бақылауларына сүйене отырып, тәуліктің әр уақытында (таңертең, күндіз, кешке) және апта күндері бойынша (жұмыс күндері, демалыс күндері) көшедегі белсенділіктің қарқындылығын көрсететін график құрастырады.

III кезең – Қолдану. Бұл кезеңнің нәтижесінде оқушылар өз аудандарына арналған ағартушылық жобаларын ұсынады.

• *«Ауладағы оазис» жобасы* – аула кеңістігін жақсарту жоспарын және графикалық эскизін әзірлеу (орындықтар, гүлзарлар, қоқысты сұрыптап жинау орны). Жоба картоннан макет түрінде орындалады. Қосымша тапсырма – «Жобаның сметасы»: оқушылар материалдардың (орындықтарға арналған тақтайлар, гүлзарларға көшеттер) шамамен мөлшері мен құнын есептеп, жобалық басқарудың қарапайым элементтерін меңгереді.

• *«Біздің көшенің белгісіз беттері»* буклеті – көне фотосуреттер мен тұрғындардың естеліктері негізінде жасалған шағын өлкетану басылымы. Қосымша жұмыс – «Көрме презентациясы»: дайын буклеттер мен макеттер мектеп рекреациясында қойылып, ата-аналар мен оқушылар назарына ұсынылады.

• *«Өз ауданыңды білесің бе?»* викторинасы – жүргізілген зерттеу нәтижелеріне сүйенген сұрақтардан тұратын ойын түріндегі білім беру іс-шарасы. Қосымша тапсырма – «Квест-станциялар»: осы викторина негізінде шағын қалалық квест сценарийі жасалады, онда қатысушылар әр бекетте тапсырма орындап, өз ауданын жаңа қырынан таниды. Бұл шеберлік сабағы оқушылардың туған жерге деген қызығушылығын арттырып, зерттеушілік, жобалық және әлеуметтік белсенділік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Интеграция және рефлексия кезеңі: Іздеу–түрлендіру–қолдану» циклінің қорытынды кезеңі ретінде оқушылар *«Географиялық портфель»* жасайды – бұл әр кезеңде орындалған зерттеу және шығармашылық жұмыстардың негізгі нәтижелерін жинақтайтын жеке папка болып табылады.

Іздеу кезеңінде портфельге төмендегі материалдар енгізіледі: белгіленген карталар мен олардың көшірмелері; басып шығарылған мақалалар, графиктер және диаграммалар; сұхбат жазбалары мен қысқаша конспектілер; жер бедерінің көлемдік үлгілерінің фотосуреттері; сондай-ақ, табиғи құбылыстарды бақылаудың фенологиялық күнтізбелері.

Түрлендіру кезеңінде жасалған материалдар да портфельге қосылады: интеллект-карталар; байланыс сызбалары; сценарийлік болжамдардың нобайлары; макет пен диорама эскиздері; зерттеу үдерісін көрсететін жол карталары; поэтикалық мәтіндер мен басқа да шығармашылық жұмыстар.

Қолдану кезеңінің нәтижелері ретінде портфельге дайын макеттер мен инфографикалардың фотосуреттері; оқушылар әзірлеген посттар мен аудионұсқаулықтарға берілетін сілтемелер; жоба туралы сыныптастарының жазған пікірлері; жобаны жүзеге

асыруға арналған сметалар; квест сценарийлері; сондай-ақ, жазылған подкасттардың аудиофайлдары немесе сілтемелері енгізіледі. Осындай жинақталған «Географиялық портфель» оқушының зерттеу, шығармашылық және практикалық қолдану әрекеттерінің толық көрінісін береді.

Рефлексия оқушылардың жеке оқу тәжірибесін қорытындылауға бағытталады және «Географиялық компас» әдісі арқылы жүзеге асырылады:

• **Солтүстік** *(Мен не аштым?)* – Қазақстан туралы өзім үшін қандай маңызды географиялық жаңалық аштым?

• **Шығыс** *(Мен не жасадым?)* – Осы білім негізінде қандай өнім немесе жоба жасадым?

• **Оңтүстік** *(Мен не өзгерттім?)* – Өз елім, қалам немесе ауданым туралы көзқарасым өзгерді ме? Қоршаған ортада нақты өзгеріс енгізе алдым ба?

• **Батыс** *(Кіммен ынтымақтастым?)* – Бұл жұмыста кімнің көмегі мен тәжірибесі ең құнды болды?

Қорытындылай келе, мұндай тәсіл оқу үдерісін тұйық циклге айналдырып, тек білім мен дағдыларды ғана емес, елге деген жауапкершілік және болашаққа бағытталған саналы көзқарасты қалыптастырады. «Іздеу–түрлендіру–қолдану» кезеңдерін география сабақтарында тиімді пайдалану оқушылардың экологиялық сауаттылығын қалыптастыруда маңызды нәтиже береді. География пәні бұл жағдайда жай ғана оқу пәні емес, әлеммен диалог жүргізудің және оны тану мен түрлендірудің тілі мен құралына айналады. Әдістің кезеңдік құрылымы зерттеушілік дағдыларды дамытып, табиғи құбылыстарды талдауға, ақпаратты жүйелеуге және практикалық шешімдер ұсынуға мүмкіндік жасайды. Жобалық жұмыстарды орындау барысында оқушылар ғылыми негізделген ой түйіп, өз тұжырымдарын дәлелдеуге үйренеді. Сонымен қатар, бұл тәсіл оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, теорияны өмірмен байланыстыруға жағдай жасайды. Сондықтан «Іздеу–түрлендіру–қолдану» жобалық әдісін география пәнінде жүйелі қолдану экологиялық мәдениеті жоғары тұлға қалыптастырудың тиімді жолы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Sekarrini, C. E., Setyowati, D. L., & Adiastuty, N. Project-based learning: Does it affect geographic literacy skills and learning outcomes? // Cypriot Journal of Educational Sciences. 2024. V. 19. N 2. P. 560–572.

2. Aditomo A., Goodyear P., Bliuc A.-M., Ellis R. Science and inquiry-based teaching and learning: a systematic review // Frontiers in Education. 2023. V. 8. P. 1–15.

3. Кротова Е. А., Макшеева А. И. Проектное обучение как средство развития творческой деятельности //Современные наукоемкие технологии. – 2016. – №. 1-1. – С. 120-123.

4. Хакимова А. С. Географическое мышление как часть общей культуры человека //Международный журнал гуманитарных и естественных наук. – 2017. – №. 8. – С. 32-34.

5. Тимченко С., Лазичев А., Гураков А. Групповое проектное обучение //Высшее образование в России. – 2007. – №. 4. – С. 25-31

6. Farhan F. I., Ardimansyah A. Modified project-based learning in geography: a better approach //Foundasia. – 2022. – Т. 13. – №. 2. – С. 70-75.

УДК 372.851

5–9 СЫНЫПТАРДА КӨПЖАҚТАРДЫ КЕЗЕҢМЕН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚИЯЛЫН, ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУЫН ЖӘНЕ КЕҢІСТІКТІК ЕЛЕСТЕТУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ

Нұрқан Әділ Алтайұлы[1*], Канапина Инкар Абаевна[1], Тургунбаев Кудайберген Маратулы[2]

[1]«Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, Петропавл қаласы, Қазақстан (Хат-хабарға арналған автор. E-mail: adil_nurkan@mail.ru*)

[2]«Мағжан Жұмабаев атындағы IT-мектеп-лицейі», Петропавл қаласы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада мектеп геометриясы курсындағы «Көпжақтар» тақырыбының маңыздылығы мен оны оқытудың әдістемелік ерекшеліктері қарастырылады. Көпжақтарды оқыту оқушылардың кеңістіктік ойлауын, логикалық пайымдауын және абстрактілі ойлау қабілетін дамытуда маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, көпжақтардың модельдерін өз бетімен жасау үдерісі теориялық білімді бекітіп қана қоймай, оқушылардың шығармашылық және конструктивтік дағдыларын қалыптастыратыны көрсетіледі. Мақалада 5–9 сыныптарда көпжақтардың түрлерін (параллелепипед, призма, пирамида және дұрыс көпжақтар) оқытудың кезеңдері мен мазмұны сипатталады. Әр көпжақтың қасиеттерін, қималарын және симметрия элементтерін зерттеу арқылы оқушылардың кеңістіктік елестету қабілетін дамыту жолдары ұсынылады. Геометриялық модельдеудің оқу процесіндегі рөлін ерекше атап өтіп, оны математикалық ойлауды жетілдірудің тиімді құралы ретінде сипаттайды.

Кілт сөздер: геометрия, стереометрия, көпжақтар, көпжақтарды оқыту әдістемесі, геометриялық модельдеу.

“DEVELOPING STUDENTS’ IMAGINATION, LOGICAL THINKING, AND SPATIAL VISUALIZATION THROUGH STEP-BY-STEP TEACHING OF POLYHEDRA IN GRADES 5–9”

Abstract. The article examines the significance of the topic “Polyhedron” in the school geometry curriculum and the methodological features of its teaching. Teaching polyhedron plays an important role in developing students’ spatial thinking, logical reasoning, and abstract thinking skills. In addition, the process of independently creating models of polyhedron not only reinforces theoretical knowledge but also fosters students’ creative and constructive abilities. The article describes the stages and content of teaching different types of polyhedron (parallelepiped, prism, pyramid, and regular polyhedron) in grades 5–9. Methods for developing students’ spatial visualization skills are proposed through the study of each polyhedron’s properties, sections, and elements of symmetry. The role of geometric modeling in the learning process is particularly emphasized, highlighting it as an effective tool for enhancing mathematical thinking.

Keywords: geometry, stereometry, polyhedron, methodology of teaching polyhedron, geometric modeling.

Кіріспе. "Көпжақтар" тақырыбы – дәстүрлі мектеп геометриясы курсының негізгі тақырыптарының бірі болып табылады. Олар стереометрияның орталық пәнін құрайды деп айтуға болады. Параллель және перпендикуляр түзулер мен жазықтықтарды, екіжақты бұрыштарды және т. б. зерттеу, векторлар мен координаталарға кіріспе сияқты тақырыптар – стереометрияның бастамасы ғана, ол неғұрлым мазмұнды объектілерін, негізінен денелер мен беттерді зерттеуге арналған құралдарды дайындау болып табылады. Көпжақтарға мектеп курсында көбірек көңіл бөлу керек, өйткені олар кеңістіктік көріністерді дамыту үшін, тірі кеңістіктік қиялдың геометрияның мәнін құрайтын қатаң логикамен байланысын дамыту

үшін ерекше бай материал береді [1]. Көпжақтарға қатысты қарапайым фактілер мұндай байланысты қажет етеді, бұл оңай емес. Параллелепипед диагональдарының бір нүктеде қиылысуы сияқты қарапайым факт оны көрнекі түрде көру үшін елестетудің күшін және қатаң дәлелдеуді қажет етеді.

Математиканы оқытудың негізгі міндеттерінің бірі – білім алушылар абстрактілі ойлауын дамыту. Бұл мақсатқа тек төменгі сыныптарда ғана емес, сонымен қатар жоғары сыныптарда да көрнекі құралдарды қолдану айтарлықтай ықпал етеді. Осы мақсатты жүзеге асырудың кең мүмкіндіктерін "Көпжақтар" тақырыбы ұсынады, атап айтқанда, оқушылардың көрнекі құралдарды өз бетінше жасауы. Теориялық білім мен дағдылардан басқа, көпжақтардың модельдерін жасау үдерісінде білім алушылар сызба және құрылыс мәселелерін нақты шешу арқылы қалыптасқан жаңа ұғымдарды бекітеді. Модельдердің тәуелсіз өндірісімен кескін бөліктерде жасалады, осыған байланысты олармен әртүрлі манипуляциялар жасауға болады. Сонымен қатар, олардың барлық қасиеттері мен ерекшеліктері оңай танылады және оқушылардың жадында мықтап бекітіледі [1].

Кеңістіктік ойлау әр адам үшін оның білім деңгейі мен қызмет түріне қарамастан маңызды. Көпжақтардың қасиеттерін зерттеу кеңістіктік көріністер мен кеңістіктік ойлауды дамытуда маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, геометрияны зерттеудің қалыптасқан тәжірибесінде көпжақтармен байланысты материал геометрияны зерттеудің соңында қарастырылады, бұл осы курсты ұсынудың аксиоматикалық әдісін қатаң ұстанумен байланысты. Планиметрияны оқи отырып, оқушылар кеңістіктік фигуралар туралы ұмытып қана қоймай, керісінше олармен танысуды кеңейтуі керек. Өйткені бізді нақты заттар - кеңістіктік фигуралар қоршап тұр. Көптеген оқушылар тоғыз сыныпты бітіргеннен кейін мектептерде, орта арнаулы мекемелерде, лицейлерде, колледждерде оқуды жалғастырады немесе практикалық жұмыстарды бастайды және оларға үш өлшемді геометрия туралы қарапайым білім қажет. Сондықтан планиметрия курсын фузионистік принциптерге негіздеген жөн, яғни көпжақтың қасиеттері планиметриялық материалмен органикалық байланыста енгізілуі керек және басқа стереометриялық объектілерді қарастыру қарастырылуы мүмкін [2]. Жалпы білім беретін мектеп бірінші мүмкіндікте оқушыларды көпжақтың қарапайым түрлерімен, олардың кескіндерімен, сызбасымен, салынуымен, бетінің ауданы мен көлемін өлшеумен таныстыруы керек, бұл 10-сыныпта одан әрі оқуға бағытталған оқушыларды жүйелі стереометрия курсын жақсы қабылдауға дайындайды, ал 9-сыныпта оқуды аяқтайтын оқушыларды толығырақ қоршаған әлеммен таныстырады.

Геометриялық модельдеу - геометриялық әдістермен математикалық модельдеу. Оқушылар геометрия курсын құру мысалында аксиоматикалық әдіспен танысатыны сияқты, геометриялық фигураларды модельдеу мысалында оқушыларды математикалық модельдеуге қосуға болады. Қолданыстағы мектеп оқулықтарындағы суреттер модельдер деп аталатындардан ерекшеленеді, метро схемасы модельдер деп аталатындардан өзгеше, метро схемасы жер бедерінің топографиялық картасынан өзгеше. Мектеп оқушылары география туралы не білер еді, егер олар оны тек схемалар бойынша оқыса? Географияны зерттеу контурлық карталарсыз мүмкін емес. Мектептегі геометрия, әдеттегідей, геометриялық денелердің суреттері бар баспа материалдарын қолданбай зерттеледі. Егер оқушылар геометриялық модельдеудің негіздерін біліп, оны геометриялық денелердің қасиеттерін зерттеу үшін қолдана алса, онда бұл фактінің олардың математикалық қалыптасуы мен ми функцияларының дамуы үшін маңыздылығын асыра бағалау мүмкін емес [2].

Неізгі бөлім. 7-9 сыныптардың геометриясы курсында параллелепипед, призма, пирамида сияқты көпжақтарды, сондай-ақ дұрыс көпжақтарды қарастыруға болады. Бұл сыныптардың оқушылары жүйелі планиметрия курсын оқығанда пайымдауды, әртүрлі мәлімдемелерді дәлелдеуді, сондай-ақ кеңістіктік формаларды жақсы елестетуді, олардың сұлулығын көруді үйренеді.

Көпжақ 5-6 сыныптарда "анықталады". Көпжақтың анықтамасы сипаттамалық деңгейде келесідей берілген. Көпжақтың беті көпбұрыштардан тұрады. Бұл көпбұрыштардың әрқайсысы көпжақтың беті деп аталады. Бұл көпбұрыштардың төбелері

көпжақтың төбелері, ал көпбұрыштың қабырғалары көпжақтың шеттері болып табылады. Мұнда оқушыларға көпжақтың әртүрлі модельдерін көрсету өте маңызды. Көпжақтың әр түрін жеке зерттемес бұрын, біз 7-9 сыныптарда көпжақтың негізгі түрлерін қарастырудың жалпы тәсілін анықтаймыз. 7-9 сыныптардың планиметриясы курсында көпжақтарды қарастырған кезде көпжақтың негізгі түрлерімен танысудың индуктивті жолы қолданылады. Призманы қарастыруды призмалардың жеке түрлерінен бастаған жөн. Атап айтқанда, 5-6 сыныптардың математика курсында кездесетін призмалардың бұрыннан таныс түрлерін қарастырылады (Ходеева Т. В. 5-6 сыныптардың математика курсында көпжақтардың қасиеттерін зерттеу. Математика ("бірінші қыркүйек" апталық газеті), № 11, 13/2002), содан кейін басқалары да өтіледі. Осыдан кейін қарапайым призманың жалпы сипаттамасын беруге болады. Пирамиданы қарастырған кезде де осындай тәсіл. 7-9 сыныптардағы көпжақтың негізгі түрлерін зерттеу кезінде, сондай-ақ 5-6 сыныптарда нақты анықтамалар беру мүмкін емес, сондықтан әр түрдің көпжағының сипаттамасы келтірілген. Көпжақтың әр түрін қарастырған кезде белгілі бір схеманы ұстанған жөн: көпжақтың осы түрінің сипаттамасы; көпжақтың осы түрін суреттерде, сызбаларда, қоршаған заттардың арасында табу; сурет; сканерлеу; кейбір қасиеттер; қима (көлденең қиманы білдіреді: іргелес емес екі жиектен өтетін негіз жазықтығына немесе кейбір бетке параллель және басқалары), симметрия. Оқушылар кездескен көпжақтың әртүрлі түрлерін қарастыра отырып, белгіленген қасиеттерді еске түсірген жөн [4].

5-6 сыныптардағы математика курсынан оқушылар текшемен, тікбұрышты параллелепипедпен, түзу призмамен таныс. Тікелей және көлбеу параллелепипедті, көлбеу призманы қарастыру параллелограмм ұғымын зерттегеннен кейін ғана мүмкін болады. Сонымен, параллелепипед - беті алты параллелограммнан тұратын көпжақ. Мұнда оқушыларға параллелепипедтердің әртүрлі түрлерінің үлгілерін көрсету өте маңызды: тікбұрышты параллелепипед, түзу параллелепипед және көлбеу параллелепипед. Оқушылармен модельдерде әр түрлі параллелепипедтердің беттері қандай төртбұрыштар екенін талқылау пайдалы.

Параллелепипедтің қасиеттері:

1. Параллелепипедтің 8 төбесы, 12 қыры және 6 жағы бар.
2. Параллелепипедтің әр жағы параллелограмм.
3. Параллелепипедтің қарама-қарсы жақтары тең.
4. Параллелепипедтің параллель қырлары тең.

Параллелограмм қимасы:

1. Параллелепипедтің көлденең қимасы бетке параллель жазықтықта. Қимада параллелограмм түзіледі.

2. Параллелепипедтің қарама-қарсы қабырғалар арқылы өтетін жазықтықпен қимасы. Қимада параллелограмм түзіледі. Кейбір жағдайларда бөлімде ромб, тіктөртбұрыш немесе шаршы пайда болуы мүмкін [3].

Көпжақтың әр түрін (параллелепипед, призма, пирамида) қарастырған кезде 7-9 сынып оқушыларымен стандартты бөлімдерді талдауға болады, мысалы, көпжақтың көлденең қимасы, беттердің біріне параллель жазықтық және көпжақтың екі көршілес емес параллель қырлары арқылы өтетін жазықтық. Көпжақтың қималарын қарастырған кезде 7-9 сынып оқушылары, сондай-ақ 5-6 сынып оқушылары көпжақтың рамалық модельдерін немесе пластилиннен жасалған модельдерді қолдана отырып анықтайды. Сонымен қатар, оқушылардан бөлімде белгілі бір фигура пайда болатындығын дәлелдеу талап етілмейді, бастысы - оны қарастырылып отырған көпжақтың модельдерінде көру.

Призма - табаны екі тең көпбұрыштан және бүйір беттері параллелограммдардан тұратын көпжақ (әр параллелограммда призманың табандарында екі қарама-қарсы қабырғасы болады) [4].

Призманың қасиеттері:

1. Призманың табандары тең көпбұрыштар.
2. Призманың бүйір жақтары параллелограмм болып табылады.

3. Призманың бүйір қырлары тең.

Призманың қимасы:

1. Призманың көлденең қимасы негізге параллель жазықтықта. Бөлімде негізде жатқан көпбұрышқа тең көпбұрыш түзіледі.

2. Призманың көлденең қимасы көршілес емес екі бүйір қабырға арқылы өтетін жазықтықпен. Қимада параллелограмм түзіледі. Бұл бөлім призманың диагональды қимасы деп аталады. Кейбір жағдайларда ромб, тіктөртбұрыш немесе шаршы болуы мүмкін [3].

Дұрыс призманы қарастыру дұрыс көпбұрыш ұғымын енгізгеннен кейін ғана мүмкін болады. Дегенмен, оқушыларды дұрыс үшбұрышты призмамен әлдеқайда ертерек таныстыруға болады. Ал дұрыс төртбұрышты призмамен олар 5-6 сыныптардың математика курсынан да таныс, өйткені ол табандарында квадраттары бар тікбұрышты параллелепипед. Дұрыс призма - табандары дұрыс көпбұрыштар болатын түзу призма.

Дұрыс призманың қасиеттері:

1. Дұрыс призманың табандары дұрыс көпбұрыштар болып табылады.
2. Дұрыс призманың бүйір жақтары тең тіктөртбұрыштар болып табылады.
3. Дұрыс призманың бүйір қырлары тең.

Дұрыс призманың қимасы:

1. Дұрыс призманың көлденең қимасы табанға параллель жазықтықта. Қимада көпбұрышқа тең дұрыс көпбұрыш түзіледі.

2. Дұрыс призманың екі іргелес емес бүйір қырларынан өтетін көлденең қимасы. Қимада тіктөртбұрыш пайда болады. Кейбір жағдайларда шаршы пайда болуы мүмкін [3].

Оқушылар кейбір дұрыс көпжақтармен кездесіп үлгерді. Бұл үшбұрышты пирамида және текше. Үшбұрышты пирамиданың жақтары дұрыс үшбұрыштар болады. Ол грек тілінен аударғанда тетраэдр дегенді білдіретін дұрыс тетраэдр деп аталады. Текшенің алты жағы бар, сондықтан оны дұрыс гексаэдр деп атайды (грекше "гекса" алты дегенді білдіреді). Дұрыс көпжақтарды қарастыру олардың жақтары дұрыс үшбұрыштар болып табылатындардан басталуы керек. Осындай көпжақтардың бірі оқушыларға бұрыннан таныс - бұл дұрыс тетраэдр.

Қорытынды. 7-9 сынып оқушыларымен көпжақтың әр түрін қарастырған кезде, көпжақтың симметриясын қосымша қарастыра отырып, 5-6 сыныптар үшін бірдей схеманы ұстанған жөн. Оны қарастырған кезде 7-9 сынып оқушылары симметрия центрін, симметрия жазықтығын және симметрия осін (егер бар болса) көпжақ модельдері арқылы табады. Сонымен қатар, білім алушыларға симметрия жазықтықтарын көрсете отырып, қарастырылып отырған көпжақтардың модельдерін жасау сияқты шығармашылық және қызықты тапсырманы ұсыну пайдалы. Мұндай тапсырмалар оқушылардың кеңістіктік ойлауын дамытады, тапсырманы орындауға шығармашылықпен қарауға мүмкіндік береді және, ең бастысы, геометрия пәніне қызығушылықты арттырады.

«Көпжақтар» тақырыбы мектеп геометриясының маңызды және күрделі бөлімдерінің бірі болып табылады. Ол оқушылардың кеңістіктік ойлауын, логикалық пайымдауын және абстрактілі ойлау қабілетін дамытуда ерекше рөл атқарады. Көпжақтарды зерттеу барысында білім алушылар тек теориялық біліммен шектелмей, түрлі модельдер құрастыру, қималар салу, симметрия элементтерін табу сияқты практикалық және шығармашылық әрекеттерді орындайды. Көпжақтармен жұмыс істеу процесі оқушылардың қиялын, логикалық дәлелдеу дағдыларын және кеңістіктік елестету қабілетін жетілдіреді. Бұл тақырыпты ертерек, яғни 5–6 сыныптардан бастап қарастыру, ал 7–9 сыныптарда оны жүйелі түрде тереңдетіп оқыту – геометрияны қабылдауды жеңілдетеді және болашақ стереометрия курсын меңгеруге берік негіз қалайды. Сондай-ақ, көпжақтарды модельдеу арқылы оқушылар математикалық және инженерлік тұрғыдан ойлауды үйренеді. Модельдермен жұмыс істеу – геометрияның тек теориялық емес, практикалық ғылым екенін ұғынуға мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл оқыту үдерісін жандандырып, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. «Көпжақтар» тақырыбы тек геометриялық білімді қалыптастыру құралы емес, сонымен

қатар оқушылардың кеңістіктік ойлауын, шығармашылық әлеуетін және логикалық мәдениетін дамытудың тиімді құралы болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. А. Е. Әбілқасымова. Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі: оқу құралы. Алматы: Мектеп баспасы, 2014. 224 б.
2. Рахымбек Д., Кенеш Ә.С. Мектеп геометрия курсын оқыту әдістемесі. Алматы: Эверо баспасы, 2015. 320 б.
3. А.П.Киселев. Элементарная геометрия. Москва: Стереотип баспасы, 2024. 207 б.
4. В.А.Смирнов, Е.А.Тұяқов. «Геометрия». Алматы: Мектеп баспасы, 2019. 201 б.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ БАҒЫТЫНДАҒЫ МЕКТЕПТІК ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Сейтжан Д.З.
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті магистранты
seitzhan.dana@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада тұрақты даму тұжырымдамасын білім беру процесіне енгізу және оқушылармен ғылыми жобаларды әзірлеу әдістемесі қарастырылады. Мақсат – оқушыларды экологиялық ойлауға, әлеуметтік жауапкершілікке және зерттеушілік қабілеттерге баулу арқылы тұрақты даму принциптерін тәжірибеде жүзеге асыру. Мақалада жобалық оқыту, тәжірибелік әрекет теориясы, сындарлы оқыту және экологиялық педагогика қағидалары негізінде ғылыми жоба әзірлеудің кезеңдері мен тиімді әдістері сипатталады. Нәтижесінде оқушылардың зерттеу жүргізу, мәселе шешу, топпен жұмыс және инновациялық ойлау дағдылары дамитыны дәлелденді.
Кілт сөздер: тұрақты даму, ғылыми жоба, зерттеу дағдысы, экологиялық білім, жобалық әдіс, сындарлы оқыту, оқушы белсенділігі.

Аннотация. В данной статье рассматривается внедрение концепции устойчивого развития в образовательный процесс и методика подготовки научных проектов с учащимися. Цель исследования – реализовать принципы устойчивого развития на практике через формирование у школьников экологического мышления, социальной ответственности и исследовательских способностей. В статье описаны этапы и эффективные методы разработки научных проектов на основе проектного обучения, теории практической деятельности, конструктивного обучения и принципов экологической педагогики. В результате доказано, что у учащихся развиваются навыки исследовательской деятельности, решения проблем, работы в команде и инновационного мышления.
Ключевые слова: устойчивое развитие, научный проект, исследовательская деятельность, экологическое образование, проектный метод, конструктивное обучение, активность учащихся.

Abstract. This article examines the integration of the concept of sustainable development into the educational process and the methodology for developing scientific projects with students. The purpose is to implement the principles of sustainable development in practice by fostering students' environmental thinking, social responsibility, and research abilities. The article describes the stages and effective methods of developing scientific projects based on project-based learning, experiential learning theory, constructivist approaches, and the principles of ecological pedagogy. As a result, it has been proven that students develop research skills, problem-solving abilities, teamwork competence, and innovative thinking.
Keywords: sustainable development, scientific project, research skills, environmental education, project-based learning, constructivist approach, student engagement.

Кіріспе. Тұрақты даму — табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мен болашақ ұрпақ мүддесін қорғауға бағытталған қоғам дамуының жаңа моделі. Бұл ұғым білім беру жүйесіне де тікелей қатысты, өйткені тұрақты даму мәдениеті мектеп қабырғасынан қалыптасады. Білім беру жүйесіндегі тұрақты даму – бұл қазіргі қоғамның әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салаларындағы үйлесімді дамуды қамтамасыз етуге бағытталған үздіксіз процесс. Оның басты мақсаты – адамды табиғат пен қоғам алдындағы жауапкершілікті сезінетін, саналы шешім қабылдай алатын, қоршаған орта мен қоғамға зиян келтірмей өмір сүре алатын тұлға ретінде қалыптастыру.

Тұрақты даму білім берудегі маңызды бағытының бірі – мектептегі ғылыми жоба жұмыстары болып табылады. Бұл бағыт оқушыларды зерттеушілікке, ізденіске және жауапты шешім қабылдауға үйретеді. Ғылыми жобалар арқылы тұрақты даму идеялары нақты тәжірибелік әрекетпен ұштасады, яғни оқушы алған білімін өмірде қолдануға дағдыланады. Тұрақты даму тақырыбындағы жобалар оқушыларды өз ортасының мәселелерін байқауға, оларды ғылыми тұрғыда талдауға және шешім ұсынуға үйретеді. Ғылыми жобалар — оқушылардың білімге, тәжірибеге және қоғамға қажетті табиғи сұранысынан туындайды. Олар тұрақты даму идеяларын жүзеге асырудың, экологиялық және әлеуметтік сананы қалыптастырудың тиімді құралы болып табылады.

Зерттеудің өзектілігі. Қазіргі таңда әлемдік қоғамдастық алдында тұрған ең өзекті міндеттердің бірі – тұрақты дамуды қамтамасыз ету. Табиғи ресурстардың азаюы, экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуы, климаттың өзгеруі, әлеуметтік және экономикалық теңсіздіктің артуы адамзаттың өмір сүру сапасына тікелей әсер етуде. Бұл жағдай білім беру жүйесінің де жаңа бағытта дамуын талап етеді. Яғни, мектеп оқушыларын тек академиялық біліммен емес, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға, экологиялық ойлау мен әлеуметтік белсенділікке тәрбиелеу қажет. Қазіргі мектеп тәжірибесінде оқушылардың көпшілігі жобалық жұмысты тек формалды түрде орындайды, ал тұрақты даму идеялары мен оның өмірлік маңызын терең түсіну деңгейі жеткіліксіз. Сондықтан бұл бағытта тиімді әдістемелік жүйе құру, яғни оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмысын тұрақты даму қағидаларымен ұштастыру ерекше маңызға ие.

Сондықтан **жобалық және зерттеушілік оқыту әдістерін біріктіре отырып**, оқушыларды тұрақты даму бағытында ғылыми жоба дайындауға тарту — олардың сыни ойлауын, дербестігін және шығармашылық әлеуетін дамытудың тиімді жолы.

Зерттеудің мақсаты. Тұрақты даму мәселелері бойынша оқушылармен ғылыми жобаларды әзірлеу әдістемесін айқындау және оның білім беру процесіндегі тиімділігін негіздеу.

Зерттеу міндеттері

1. Тұрақты даму тұжырымдамасының мәнін ашу, оның білім беру жүйесіндегі орнын және маңызын теориялық тұрғыда негіздеу.
2. Оқушылардың ғылыми-зерттеу әрекетінің ерекшеліктерін талдау, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ғылыми жобамен жұмыс жүргізу мүмкіндіктерін анықтау.
3. Тұрақты даму мәселелерін мектеп пәндері мен оқу процесіне енгізу жолдарын зерттеу
4. Оқушылармен ғылыми жобаларды әзірлеу әдістемесін жасау
5. Жасалған әдістемені оқу процесінде тәжірибелік тұрғыда сынақтан өткізу

Осы міндеттерді орындау нәтижесінде тұрақты даму қағидаттарын білім беру процесіне енгізудің тиімді жолдары мен оқушылардың зерттеушілік қабілетін дамыту әдістемесі айқындалады.

Зерттеу нысаны: Жалпы орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесі.

Зерттеу пәні: Тұрақты даму мәселелерін шешуге бағытталған оқушылардың ғылыми жобаларын әзірлеу әдістемесі.

Зерттеу әдістері

- Теориялық талдау әдісі – тұрақты даму және зерттеу әдістемесіне қатысты ғылыми еңбектерді зерделеу.
- **Салыстырмалы әдіс** – тұрақты даму қағидаларын білім беру процесіне енгізудің әртүрлі тәжірибелерін салыстыру.

Талқылаулар мен нәтижелер

Тұрақты даму ұғымы қазіргі заманның әлеуметтік, экономикалық және экологиялық тепе-теңдігін қамтамасыз ететін басты парадигмалардың бірі болып табылады. Бұл ұғым алғаш рет 1987 жылы Брундтланд комиссиясының «Біздің ортақ болашағымыз» баяндамасында ғылыми негізде анықталып, болашақ ұрпақтың қажеттіліктерін қамтамасыз етуге нұқсан келтірмейтін даму моделі ретінде сипатталды. Тұрақты дамудың негізінде үш

өзара байланысты өлшем бар: әлеуметтік әділдік, экономикалық тиімділік және экологиялық тұрақтылық. Бұл өлшемдер білім беру жүйесінде де өз көрінісін тауып, қазіргі педагогикалық процестің жаңа бағыттарының біріне айналды. Білім берудегі тұрақты даму идеясы адамның қоршаған ортаға деген жауапкершілігін арттырумен қатар, оның сыни тұрғыдан ойлау, шешім қабылдау және әлеуметтік белсенділік дағдыларын қалыптастыруды көздейді. Білім беру ұйымдары тек білім мен іскерлікті меңгертетін орын емес, сонымен қатар тұрақты қоғам құруға қабілетті тұлғаларды тәрбиелеудің орталығына айналуы тиіс. Осы тұрғыда мектеп қабырғасындағы ғылыми-зерттеу және жобалық жұмыстардың маңызы ерекше. Оқушылардың ғылыми жобаларға қатысуы олардың зерттеушілік қабілеттерін, дербестігін және шығармашылық ойлауын дамытуға мүмкіндік береді[1] Бұл процесс тек пәндік білімді тереңдетіп қана қоймай, оқушыларды өз ортасының мәселелерін байқауға және оларды шешудің нақты жолдарын ұсынуға үйретеді. Тұрақты даму контексінде жүргізілетін ғылыми жобалар экологиялық сауаттылықты арттырумен қатар, әлеуметтік және экономикалық жауапкершілік сезімін қалыптастырады.

Зерттеу дағдыларын дамытудағы жобалық әдіс — оқушылардың жеке белсенділігін арттыруға бағытталған инновациялық педагогикалық тәсілдердің бірі. Жобалық оқыту барысында оқушылар нақты мәселені анықтап, оны шешудің ғылыми жолдарын іздейді, болжам ұсынады және өз жұмысын тәжірибе жүзінде дәлелдейді. Бұл оқыту түрі білім алушыларды өмірмен байланысты нақты әрекетке бейімдеп, тұрақты даму қағидаттарын практикалық тұрғыда түсінуге ықпал етеді. Сонымен қатар, ЮНЕСКО мен БҰҰ-ның ресми құжаттарында «білім арқылы тұрақты дамуға қол жеткізу» қағидаты білім беру саласындағы стратегиялық бағыт ретінде бекітілген. Бұл бағыт мектептегі оқу процесінде экологиялық білім, жаһандық азаматтық тәрбие және ғылыми сауаттылықты біріктіруді көздейді. Мұндай біріктірудің нәтижесінде оқушылар қоршаған ортаны қорғаудың, ресурстарды тиімді пайдаланудың және қоғам игілігі үшін жауапты шешім қабылдаудың маңызын түсінеді.

Тұрақты даму қағидаттарын білім беру процесіне енгізу теориясы оқытудың пәнаралық сипатына сүйенеді. Себебі экологиялық, экономикалық және әлеуметтік мәселелер өзара тығыз байланыста.[2] Сондықтан мұғалімдер оқушылардың ғылыми жобаларын ұйымдастыру барысында жаратылыстану, география, экономика және әлеуметтік ғылымдар арасындағы байланысты күшейтуі қажет. Бұл тәсіл оқушылардың дүниетанымдық көзқарасын кеңейтіп, тұрақты дамуға кешенді тұрғыдан қарауға мүмкіндік береді.

Тұрақты даму идеяларын білім беру жүйесіне енгізу бойынша халықаралық тәжірибе көрсеткендей, экологиялық және әлеуметтік жауапкершілікке тәрбиелеу оқу процесінің ажырамас бөлігіне айналуы тиіс. Мысалы, Финляндия, Жапония және Канада сияқты елдерде оқушылардың зерттеу жұмыстары мен жобалық оқыту тұрақты даму құзыреттерін қалыптастырудың негізгі құралы ретінде қолданылады. Бұл елдерде экологиялық білім тек жаратылыстану пәндерімен шектелмей, қоғамтану, экономика және азаматтық тәрбие курстарымен кіріктіріліп оқытылады.[3] Ал Қазақстанда бұл бағыт енді жүйелі түрде дамып келе жатқандықтан, халықаралық тәжірибені бейімдеп қолдану ерекше маңызды.

«Салыстырмалы талдау: Қазақстан және шетелдік тәжірибе»

Кесте 1 Ескерту! Студент өзі құрастырған

Критерий	Қазақстан тәжірибесі	Шетелдік тәжірибе
Жобалық жұмыстың мақсаты	Пәндік білімді тереңдету	Тұрақты даму құзыреттерін дамыту: экологиялық, әлеуметтік, шешім қабылдау дағдылары
Оқушылардың рөлі	Ақпаратты қабылдаушы	Жаңа білімді зерттеуші, шешім ұсынушы
Мұғалімнің рөлі	Бақылаушы	Бағыттаушы, кеңесші

Бағалау жүйесі	Нәтижеге негізделген, көбінесе теориялық	Зерттеу процесі мен нәтижеге негізделген, практикалық қолдануға көңіл бөлінеді
Пәнаралық байланыс	Шектеулі	Күшті, жобалар бірнеше пәнді интеграциялайды
Қоғамдық байланыс	Аз, көбіне мектепішілік	Жоғары, нақты экологиялық және әлеуметтік мәселелермен байланысты

Зерттеу барысында жалпылау және тұжырымдау әдістері оқушылардың тұрақты даму тақырыбындағы ғылыми жобалық жұмыстарын жүйелеу және олардың зерттеушілік қабілеттерін бағалау үшін қолданылды. Бұл әдістер арқылы жеке тәжірибелік деректерден ортақ заңдылықтар мен тенденциялар анықталып, алынған нәтижелер негізінде нақты педагогикалық қорытындылар жасалды. **Жалпылау әдісі** оқушылардың жобалық жұмыстарының түрлі аспектілерін — тақырыпты таңдау, ақпарат жинау, деректерді өңдеу, нәтижелерді талдау және ұсыну — салыстырып, олардың ортақ ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді.[4] Мысалы, әр топтың жобалары арқылы оқушылардың экологиялық, әлеуметтік және экономикалық құзыреттерін дамыту тәсілдері, шығармашылық шешім қабылдау қабілеттері және зерттеу дағдылары жүйеленді. Жалпылау нәтижесінде жобалық жұмыстың тиімді әдістемелік қағидалары анықталып, оқыту процесінде қолдануға негіз қаланды.

Тұжырымдау әдісі алынған фактілер мен бақылау нәтижелерінен нақты қорытындылар жасауға бағытталды. Зерттеу барысында оқушылардың жобалық жұмыстарының сапасы, олардың белсенділігі және ғылыми зерттеу дағдылары бағаланды. Бұл бағалау нәтижесінде оқушылардың ғылыми-зерттеу әрекеттеріндегі күшті және әлсіз тұстар анықталып, білім беру процесін жетілдіру үшін нақты ұсыныстар жасалды.[5] Мысалы, тұрақты даму тақырыбында жобалық жұмыс жүргізген кезде оқушылардың экологиялық санасы, әлеуметтік жауапкершілігі және дербестік дағдыларының дамуы ғылыми зерттеу арқылы дәлелденді.

